

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 16 (927) 14 сәуір 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Өндірістегі жазатайым оқиғалардың жиі кездесетін себептерінің бірі Қауіпсіздік техникасы орындалмаған биіктіктегі жұмыстар болып табылады. Қызметкер биіктікте жұмыс істеген кезде жұмыс беруші биіктікте жұмыс істеген кезде еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеуі керек, ол кәсіпорынның ерекшелігін және жүргізілетін жұмыстарды ескере отырып сақталуы керек.

Міндеттеріне биіктіктегі жұмыс кіретін қызметкер белгілі бір талаптарға сай болуы керек. ҚР Қауіпсіздік техникасы орындалуы тиіс биіктіктегі жұмыс өндірістегі жазатайым оқиғалардың себебі болып табылатындықтан, белгілі бір ережелерді қатаң сақтау қажет. Алдымен сіз биіктіктегі жұмыстарға қандай жұмыстар жататынын және осы жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ерекшеліктері туралы түсінуіңіз керек.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 109 бұйрығымен «Биіктікте жұмыс істеу кезінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қағидалар» (бұдан әрі - қағидалар) бекітілді.

• Биіктіктегі жұмыс-орындалған кезде жұмысшы топырақ бетінен, жабыннан немесе жұмыс төсемінен 1,3 метр немесе одан да көп биіктікте (немесе тереңдікте) және биіктік бойынша құлау шекарасынан 2 метрден аз қашықтықта орналасқан жұмыс.

➢ Биіктікте жұмыс істеу кезінде жүзеге асырылмайды:

- жұмыс майданы шегінде көрінбейтіндігі;
- жауын-шашынның қарқындылығы;
- найзағай дауылы және найзағай майданының жақындауы;

- желдің жылдамдығы 15 м/с және одан жоғары.
- ҚР биіктігінде топырақ бетінен, жабыннан немесе жұмыс төсемінен 5 метрден асатын жұмыстар өрмелеу жұмыстары болып саналады. Олар тікелей құрылымдардан, жабдықтардан, машиналар мен механизмдерден, оларды орнату, пайдалану, жөндеу кезінде шығарылады.

Биіктікте жұмыс істеу қауіпсіздік техникасы: тәжірибесіз жұмысшылар жазатайым оқиғалардың жалпы себебі болып табылады.

Еңбекті қорғау қағидалары бойынша ҚР биіктігінде жұмыс істеуге рұқсатты қызметкерлер алады: 1) 18 жасқа толған; 2) қызметкерлердің міндетті алдын ала (жұмысқа қабылдау кезінде) медициналық тексеруден өткендер.

3) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүргізетін оқу орталықтарында оқудан өткені туралы куәлігі бар адамдар.

Биіктіктегі жұмыстарды бригада (буын) кемінде 2 адам жүзеге асырады. Жұмысты орындайтын бригада (буын) мүшелері бір-бірімен визуалды және дауыстық байланыс шегінде болады немесе өзара радиобайланыс құралдары болады.

Жұмыс беруші қызметкерлер арасынан жұмысты биіктікте үйлестіруді жүзеге асыратын жұмыстардың жауапты басшысын тағайындайды.

Биіктікте жұмысқа алғаш рет жіберілген қызметкерлер 5 жұмыс ауысымы ішінде жауапты басшы жүзеге асыратын нұсқаулықтан өтеді.

Жұмыстарды орындау кезінде жұмыстардың жауапты басшысы мезгіл-мезгіл, бірақ ауысымына кемінде 1 рет объектідегі қауіпсіздік шарттарын және бригаданың (буынның) қауіпсіздік талаптарын сақтауын тексереді.

Биіктікте жұмыс істеуге қатысты, алғаш рет өрмелеу жұмыстарын жүргізетін қызметкерлерге қойылатын талаптар өте айқын: бір жыл ішінде мұндай қызметкерлер ұйым бұйрығымен тағайындалған тәжірибелі қызметкерлердің тікелей қадағалауымен жұмыс істеуі керек. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 188 бұйрығының 9.7-тармағына сәйкес ҚР жоғары өрмелеу жұмыстарын орындайтын барлық қызметкерлер жыл сайын психологиялық куәландырудан өтуі тиіс. Барлық ережелерді сақтай отырып, жұмысты биіктікте орындау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге болады.

Осыған байланысты қызметкерлерді халықаралық тәжірибеде қабылданған және табысты пайдаланылатын жаракаттардан және кәсіптік аурулардан қорғауға бағытталған корпоративтік деңгейде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқару жөніндегі бірыңғай тиімді әдістер мен тәсілдерді енгізу қажет.

Еңбек қауіпсіздігі мәселелері бойынша Сіз мына мекен-жайға жүгіне аласыз: Петропавл қаласы, Абай көшесі, 64, «СҚО әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» КММ. Байланыс телефондары 46-01-94, 36-17-86, 46-37-73, 50-33-42. Басқарудың ресми интернет-ресурсы жұмыс істейді u.git@sko.gov.kz ; git@sqo.gov.kz.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» КММ.

ӨҢІРДІ АБАТТАНДЫРУ ҮШАЙЛЫҒЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

Облыстық әкімдікте өткен жедел кеңесте өңір басшысы Айдарбек Сапаров Петропавл қаласындағы және аудандардағы абаттандыру жұмыстарына жауапты органдардың жұмысын сынға алды. Әкім 20 сәуірге дейін барлық елді мекендерді қоқыстан тазартып, тәртіпке келтіруді тапсырды, оның орындалуын бақылауды бірінші орынбасарына жүктеді.

Өңірді абаттандыруда салғырттық басым. Қираған мәдени ескерткіштер, сынған аялдамалар, көшелерде шығарылмаған күл-қоқыс, арам шөп қаулап кеткен спорт алаңдары шұғыл түрде тәртіпке келтіруді қажет етеді. Жаңа нысан құрылысының жобалық-сметалық құжаттарын рәсімдемес бұрын қолданыстағы ғимараттарды ретке келтірген жөн. – Облыс орталығы мен аудандардағы абаттандыру жұмыстары көңіл көншітпейді. Көшелерде, мемлекеттік және жекеменшік мекемелердің маңайларындағы қоқыс жәшіктері лық толы. Көшелер тазаланбайды, коммуналдық сала мамандарын қалада кездестіру қиын. Автобус аялдамалары лас, олардың бүлінбеуін ешкім қадағаламайды. Облыс әкімінің бірінші орынбасарының төрағалығымен абаттандыру комиссиясын ұйымдастыруды тапсырамын. Елді мекендерді абаттандыру және санитарлық тазалау бойынша ұшайлық жариялансын.

Аудан және қала әкімдері барлық елді мекендерді абаттандыру жұмыстарын жақсарту бойынша шұғыл шаралар қабылдауы тиіс. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт басқармалары іргелес аумақтарға да қарайласуы керек. Мектептер мен спорт нысандарында, ауруханаларда тазалық сақтауға арналған қажетті құрал-жабдықтар жеткілікті. Полиция департаменті абаттандыру ережелерінің сақталуын қатаң бақылауға алуды күшейтуі тиіс, – деді облыс әкімі. Кеңесте өрт қауіпсіздігі мәселесі де қарастырылды. Сәуір айынан бастап төтенше жағдайлар департаментінің мамандары жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, өрт шығу қаупі бар аймақтарда қамыстарды шабуға кірісті. Бірақ бұл бағыттағы жұмыс та тым сылбыр жүргізілуде. Өңір басшысы төтенше жағдайлар департаментіне облыс әкімі аппаратының азаматтық қорғау бөлімімен бірлесе отырып, өрттің алдын алу жұмыстарын жүйелі түрде атқаруды, өрт гидрантарына, су қоймаларына және су алуға арналған пирстерге түгендеу жүргізуді міндеттеді. Абаттандыруға байланысты белгіленген іс-шаралардың 20 сәуірге дейін қалай орындалғаны туралы тиісті ведомстволар мен аудан әкімдерінің есептері тыңдалатын болды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

АУДАН ӘКІМІ ЖОЛДАРДАҒЫ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аудан әкімі Берік Әлжанов өткен демалыс күндері ауданға қарасты ауылдық елді-мекендерді аралап, ауыл тұрғындарының өзекті мәселелерімен танысты. Күрмеуі шешілмей жүрген мәселелер төңірегінде жергілікті тұрғындар өз ой-пікірлерін әкімге жеткізіп, тиісті жауаптар алды.

Биыл «Ауыл - ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде Донецк, Киров және Теңдік орта мектептерін күрделі жөндеу жұмыстарына және Чермошная, Теңдік ауылдарындағы көшелерді орташа жөндеуге қаражат бөлініп, тиісті жұмыстар жоспарланған. Аудан басшысының пайымдауынша, мемлекеттік сатып алу нәтижесінде мердігер компаниялар анықталып, келісімшарттар жасалған.

Аудан жетекшісі Б.А.Әлжанов Тайынша-Кантемир-Котовское аудандық тас жолында жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Мердігер компания «Көкшетау жолдары» ЖШС-і жұмысты қарқынды жүргізіп, мамыр айының соңына дейін аяқтауды жоспарлаған.

Ендігі мәселе жөндеу жұмыстарын сапалы және уақтылы орындау. Осы жобаларды іске асыруға бағытталған жұмыс барысы әрқашан аудан әкімінің бақылауында.



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ СЕНІМІН АҚТАУ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Әлеуметтік функция білім, ғылым, денсаулық сақтау, халықты жұмыспен қамту, халықтың осал топтарын әлеуметтік қорғау, демографиялық саясат және басқа да салаларды қамтиды. Қоғамдық тәртіпті сақтау және адам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету функциясы заңдылықты, құқықтық тәртіпті, егемендікті, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін, олардың меншігін қорғау, сондай-ақ өздерінің аумақтық тұтастығын, мемлекеттің егеменділігін және оның аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету болып табылады. Мемлекет құқықтық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, қылмыспен күреседі, қоғамдағы түрлі қақтығыстарды шешуге ықпал етеді.

Біздің елімізде жергілікті, орталық және аумақтық атқарушы органдар қызметкерлерінің; құқық қорғау және арнайы органдар қызметшілерінің басым көпшілігі мемлекеттік қызметшілер болып табылады, яғни мемлекеттік қызметшілерге экономикалық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік функцияларды, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау және адамның да, мемлекеттің де қауіпсіздігін қамтамасыз ету функцияларын жүзеге асыру міндеті жүктелген. Жоғарыда аталған белгілі постулаттар мен қарапайым шындықтарды сипаттай отырып, оқырмандарға, біріншіден, азаматтардың өз мемлекетіне мемлекет пен қоғам институттарының қалыпты жұмыс істеуі үшін қызмет етуінің маңыздылығы мен қажеттілігін, өз елінің шынайы патриоты болуын жеткізім келеді. Екіншіден, Отанға қызмет ету, сондай-ақ мемлекеттік қызметші болу – бұл мемлекеттік қызмет және сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдармен, сондай-ақ Әдеп кодексімен нақты регламенттелген қызметте және тұрмыста көптеген шектеулері бар өте құрметті және жауапты ауырталық.

Біздің еліміздің әрбір тұрғынының жақын немесе алыс туыстарының, достары мен таныстарының кем дегенде біреуі мемлекеттік қызметшілер болып келеді. Мемлекеттік қызметшілердің, біздің қоғамның барлық мүшелері сияқты отбасы, туыстары, достары және бар. Күнделікті өмірде бәріміз бір-бірімізбен кездесеміз, араласамыз. Қажеттімізді бір рыноктан және базардан сатып аламыз. Мұнымен мен мемлекеттік қызметшілердің негізгі басым бөлігі біздің қоғам өкілдерінен еш айырмашылығы жоқ екенін айтқым келеді. Мемлекеттің кез-келген парасатты азаматы сияқты,

олар өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды. Облыс әкімінің аппаратында көптеген бөлімдер жұмыс істейді, олардың міндеттері мен мақсаттары мемлекет және қоғам институттарының үздіксіз жұмыс істеуімен және тыныс-тіршілігімен байланысты. Барлық бөлімдердің ішінде – инспекторлық және аумақтық жұмыс бөлімі облыс әкімі аппаратының негізі болып табылады (басқа бөлімдер мен мемлекеттік органдардың жұмысын төмендетпей отыра атап кетпекшімін). Бөлімнің үйлесімді, жақсы ұйымдастырылған және сауатты жұмысынан, сондай-ақ облыс әкімдігі мемлекеттік органдарының қызметіндегі оның белсенді үйлестіруші рөлінен көп жағдайда өңір халқының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру, халыққа ұсынылатын қоғамдық және жеке игіліктердің саны мен сапасын арттыру және тұтастай алғанда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының өсуі байланысты.

2021 жылдың маусым айынан бастап бұл бөлімді 2015 жылдан бері мінсіз мемлекеттік қызметті атқарып келе жатқан Анатолий Анатольевич Тарахтун басқарады. Анатолий Анатольевич аудан, қала және облыс әкімдігінде маман болып жұмыс істеген. Бөлімнің негізін өз ісінің тәжірибелі және сауатты мамандары - бас инспекторлар құрайды, олар мемлекеттік қызметте 15 жыл бойы мінсіз қызмет атқарып жатқан Орынбай Қазбек Серікбайұлы, 17 жыл мінсіз мемлекеттік қызмет атқарған, оның ішінде құқық қорғау органдарында, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық департаментінде жұмыс істеген Султан Салаевич Магомедов және лауазымға тағайындалғанға дейін аудан әкімдігінің маманынан бастап, облыс әкімдігінің басқармаларында жұмыс істей отырып, жергілікті атқарушы органдардың барлық қызмет сатыларынан өткен, мемлекеттік қызметтегі жалпы еңбек өтілі 12 жылды құрайтын Нұржан Шалабайұлы Бұхаров.

Мемлекеттік қызмет осындай талапты, өз ісін сүйетін, адал, сауатты және қарапайым қызметшілерге сүйенеді. Сондай-ақ, атап өткен тұлғалар 2021 және 2023 жылдарғы өз ұжымдарында ұйымдастырылған «Үздік мемлекеттік қызметші» байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлері болып табылатынын атап өтемін.

Сейілхан Серікбаев,
Облыс әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі.

САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ ДЕНСАУЛЫҚҚА САЛҒЫРТ ҚАРАМАУҒА ШАҚЫРАДЫ

Обязательное социальное медицинское страхование



Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні. Атаулы күн Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы құрылған күні, яғни 1948 жылдан бері атап өтіледі. Бұл мерекелік шараны еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін мемлекет көлемінде атап өте бастады. Құрылғанына 75 жыл толып отырған ұйым әр жыл сайын денсаулық күнінің тақырыбын таңдайды. Жылдағы дәстүрден жаңылмай биыл бұл күн «Барша жанға денсаулық» ұранымен өтуде. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында әрбір адам кез келген уақытта және кез келген жерде өзіне қажетті медициналық көмекті ала алуы тиіс екенін еске салып, халыққа медициналық көмек қолжетімді болуы үшін не істелініп жатқанын айтып берді.

Ұйымға мүше екі жүзге жуық мемлекет денсаулықты насихаттайтын әр түрлі бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Осы күні азаматтар денсаулықтың қадір-қасиетін ұғынып, әлем бойынша адам баласының өмір жасын ұзартуға себеп болатын пайдалы әдеттерді жадына сақтауға тырысады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ресми мәліметтеріне сәйкес, планета тұрғындарының отыз пайызы денсаулық сақтаудың негізгі қызметтеріне қол жеткізе алмайды екен. Шынтуайтына келгенде, әрбір адам кез келген уақытта қаржылық қиындықтарға тап болмай, өзіне қажетті медициналық көмекті ала алуы керек.

Айта кетерлігі, Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілмеген кездері көп жылдан бері денсаулық сақтау саласында қаржы тапшылығы орын алды. Бұл саланы тығырыққа тіреп, салдарынан халықтың қалта шығыны артып, азаматтар медициналық қызметтерді өз есебінен алуға мәжбүр болды. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі аясында халықтың әлеуметтік осал топтарының өзі өмірге айтарлықтай қауіп төнген кезде ғана қаралып келді. Тіркелген емханасында салалық мамандар болмаса, қазіргідей өзге медициналық мекемелерге, жеке клиникаларға жолдамамен

бара алмады. Көбі дерлік ақылы еді. МӘМС жүйесі енгізілмес бұрын салалық мамандардың кеңесі мен диагностикалық тексерулерді, көптеген анализдерді, қымбат тексерулерді (КТ, МРТ, ПЭТ) санаулы азаматтар ғана алып келді. Адамдар операцияға кезегін ұзақ күтетін және бүкіл Қазақстанға ЭҚҰ-ға (ЭКО) жылына бір мыңдай ғана квота бөлінді. Бұдан бөлек, пациенттердің құқығын ешкім қорғамады. Көбінің арыз-шағымы қаралмай, сол күйі қорғалмай қалатын.

Ал әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілгені, әрбір сақтандырылған адам аударған жарна мөлшеріне қарамастан, медициналық қызметтерді толық көлемде, уақтылы алуға құқылы. МӘМС пакеті пациенттерге қажет негізгі медициналық қызметтерді қамтиды. Атап айтар болсақ, қымбат анализдер, тексерулер, консультациялар, сонымен қатар жоғары технологияларды пайдалана отырып жасалатын операциялар және т.б. қызметтер кіреді. Көптеген операциялар бірнеше миллион теңге тұрады. Ал азаматтар ай сайын кем дегенде 3500 теңге жарна төлеп, осы қызметтерді қосымша қаржы төлемей ала алады. Қазір көптеген отандасымсыз жүйенің тиімді екеніне көз жеткізіп, шарапатын көруде.

Айта кетерлігі, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры бірінші кезекте әр пациенттің мәселесін шешуге мүдделі. Шағым келіп түссе, Қор сарапшылары шұғыл әрекет етіп, жергілікті филиалдарға шығып, жағдайды сол жерде шешеді. Елімізде 16 млн-нан астам азамат сақтандырылған. Оның ішінде 11 млн адам үшін МӘМС журналарын мемлекет аударады. Олар – кәмелетке толмаған балалар, ресми жұмыссыз болып тіркелген адамдар, жұмыс істемейтін жүкті әйелдер, 3 жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты үйде отырған ата-аналар, мүгедектер және мүмкіндігі шектеулі балалардың күтімімен үйде отырған адамдар, зейнеткерлер, жұмыс істемейтін қандастар, күндізгі оқу нысанында білім алатын студенттер, жұмыс істемейтін атаулы әлеуметтік көмек алушылар, жазасын өтеушілер, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналар.

Бұл олар үшін мемлекет тарапынан тамаша қолдау болып отыр. Ол азаматтар МӘМС есебінен медициналық қызмет түрлерін толық көлемде ала алады. Мысалы, еш жерде жұмыс істемейтін, табыс көзі жоқ адамдар тұрғылықты жері бойынша Жұмыспен қамту орталығына барып ресми жұмыссыз ретінде тіркелсе, олар мемлекет есебінен сақтандырылады, яғни 15 жеңілдік категориясына кіреді.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Дүниежүзілік Денсаулық күні аясында азаматтарды кез келген аурудың алдын алып, МӘМС есебінен жоспарлы түрде тексерілуге, сонымен бірге, осы күнге дейін сақтандырылмаған азаматтарды денсаулығына салғырт қарамауға, оларға МӘМС аясында медициналық көмек алу үшін алдын ала «сақтандырылған» мәртебесін алуға шақырады.

Егер сіздің тағы да сұрақтарыңыз болса немесе медициналық көмек алуда қиындықтар туындаса, өз емханаңыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгініңіз.

- fms.kz ресми сайты,
- 1406 байланыс орталығы,
- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
- Telegramдағы SaqtandyruBot арқылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру Қорына жүгінуге және сақтандыру мәртебесін тексеруге болады.

Сондай-ақ, ҚР электрондық үкіметінің egov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметі арқылы медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеңізді тексеруге және жүргізілген төлемдер туралы білуге болады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ СҚО бойынша филиалының
баспасөз қызметі.

«ЕҢБЕК ШАРТЫН ЖАСАҢЫЗ!»

Елдің негізгі Заңы - Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабы қызметкерлерді мемлекеттік қорғауға кепілдік береді, әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітуді сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

Мәселен, Еңбек кодексінің 33-бабының 1-тармағына сәйкес еңбек шарты жазбаша нысанда кемінде екі данада жасалады және оған тараптар қол қояды. Еңбек шартының бір данасы қызметкерде және жұмыс берушіде сақталады. Адамды жұмысқа жіберу еңбек шарты жасалғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

- Еңбек шартын жасасу қызметкерге:
- Мамандығы бойынша жұмысты орындауға
 - Жалақыны уақтылы алуға
 - Жыл сайынғы еңбек демалысына
 - Өндірісте жарақат алған жағдайда, аурухана парағының 100% төленуіне
 - Кәсіптік еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда өтемақы алуға
 - Арнайы киіммен және қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуге
 - Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдардың аударылуына
 - Зейнетақы қорына аударымдардың аударылуына
 - Еңбекшілердің еңбек құқықтары бұзылған кезде мемлекеттік қорғалуына кепілдік береді.

Бейресми еңбек қатынастарын болдырмау және оларды анықтау, еңбек қатынастарының жасырын нысандарын қысқарту, азаматтардың еңбек саласындағы құқықтары туралы хабардар болу деңгейін арттыру мақсатында «Еңбек шартын жасаңыз» облыстық науқаны басталды, оның шеңберінде науқанды өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Еңбек шартын жасаспау фактісі бойынша азаматтарға Петропавл қ., Абай к-сі, 64 мекенжайы бойынша «СҚО әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» КММ-ға жүгіну қажет, тел. 46-86-06

E-mail: inf.git@sqa.gov.kz

Марат ОМАРОВ,
Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» КММ
басшысы .

САУАТТЫ ТҰТЫНУШЫ — ЖАУАПТЫ БИЗНЕС

Қазіргі уақытта тұтынушылардың құқықтарын бұзу тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Еуразиялық экономикалық комиссия жүргізген зерттеулер көрсеткендей, сатушылардың жосықсыз әрекеттері, алаяқтық схемалары мен тұтынушыларды алдау тұтынушылық сұранысқа кері әсерін тигізетін және экономиканың дамуына нұқсан келтіретін негізгі проблема болып қала береді.

«Сауатты тұтынушы – жауапты бизнес» жыл тақырыбын Еуразиялық экономикалық одақтың мүше-мемлекеттердің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі консультативтік комитеті ұсынған, оның құрамына мүше-мемлекеттердің мемлекеттік органдарының, қоғамдық ұйымдарының және бизнес-қоғамдастықтарының өкілдері кіреді. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы бірлескен іс-қимылдар бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмыстары халықтың да, кәсіпкерлік субъектілерінің де құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталатын болады. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – тұтыну нарығына қатысушылар арасында құрметті қарым-қатынастарды дамыту, тұтынушылар мен кәсіпкерлер арасында құрмет пен сенім кеңістігін қалыптастыру.

Тұтынушылардың құқықтары мен қажеттіліктеріне әлем назарын аудару үшін тұтынушылар қозғалысы жыл сайын 15 наурызда Дүниежүзілік тұтынушылардың құқықтарын қорғау күнін атап өтеді. Халықаралық тұтынушылар ұйымы (Consumers International) 2023 жылғы Дүниежүзілік тұтынушылардың құқықтарын қорғау күнінің тақырыбын «World Consumer Rights Day To Empower Consumers Through Clean Energy Transitions» – Таза энергия мен өнімдерге көшу арқылы тұтынушылардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту» деп жариялады. Әркімнің адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы ортаға, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) еркін таңдауға, оның тиісті сапасы мен қауіпсіздігіне құқығы бар. Нарық қатысушылары ретінде тұтынушылар таза энергия мен өнімдерге көшуге үлес қоса алады. Тауарлар мен қызметтерді өндіруге үнемді тәсілдерді кеңінен енгізуге әсер ете алатын тұтынушылардың таңдауы болып табылады. Тұтынушылардың құқықтарын білу маңызды. Ал, білімді өмірде қолдана білу одан да маңызды.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша консультативтік көмекті ҚР СИМ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің 8(7152) 46-81-33, 46-81-14 телефондары арқылы алуға болады.

Л. Мияшева,
СҚО бойынша Сауда және тұтынушылардың
құқықтарын қорғау департаменті басшысының
орынбасары.

БҮЛ ТУРАЛЫ БАРЛЫҒЫНЫҢ БІЛГЕНІ МАҢЫЗДЫ!

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ ҚАНДАЙ?

Медициналық қызмет көрсетуіне өз қалтамыздан аз қаражат жұмсаймыз

Клиника мен дәрігерді өзіміз таңдаймыз

Медициналық көмек сақтандырушының табысы мен жарна көлеміне байланысты емес

Сақтандыру қымбат оталарды, диагностиканы және емделуді өтейді

Сақтандыру бойынша жеке меншік медициналық ұйымдарға жүгіну мүмкіндігі бар

УАҚЫТЫҢ – АЛТЫН ҚАЗЫНАҢ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы биылғы жылды “Ислам және ізгі қоғам” жылы деп жариялады. Еліміздің барлық имандылық ордаларына осы жыл аясында қоғам игілігіне арналған бірқатар іс-шараны атқару міндеті жүктеліп отыр. Мұфтият жұмысты одан әрі жүйелеу, жандандыру мақсатында бес бағытқа басымдық береді. Олар – дін және дәстүр, ізгі қоғам, ихсан және насихат, діни оқу-ағарту, жат діни ағымдардан сақтандыру. Осы ретте облыстық “Soltüstik Qazaqstan” газеті және аудандық “Тайынша таңы” газеті “Қызылжар” орталық мешітімен бірлесіп, “Imandylyq dāristeri” деп аталатын жаңа айдар ашып отыр. Оның аясында өңір мешіттеріндегі имамдардың, дін өкілдерінің, ғалымдардың түрлі тақырыптағы мақалалары басылым бетінде жүйелі түрде жарияланып тұрмақ. Жаңа айдардың алғашқы мақаласы уақыт тақырыбына арналды. Соны назарларыңызға ұсынып отырымыз.

Алланың құзырына барғанда біз әр істеген ісіміз үшін сұраламыз. Мәселен киген киіміміз, ішкен-жеген ас-суымыз, жұтқан ауамыздың сұрауы бар. Тіпті денсаулығымызға, алған білімімізді қайда жұмсағанымызға дейін сұраққа алынамыз. Солардың ішінде ең маңыздысы әрі ең ауыры – уақыт үшін сұралу. Уақыт – сұрағы ауыр, жауапкершілігі зор нығметтердің бірі. Ол бізден нені талап етеді?

Уақытқа қатысты мұсылманның міндеті – сан-алуан діни, дүниелік істерін іріктеп, маңыздысын ажырата білуі. Міндетті түрде ең маңыздысын бастауың қажет. Ол істі толық аяқтамай жатып келесі іске көшу, сізге тиісті нәтиже бермейді. Сол секілді адам бір істі бастарда “мұның ол үшін рухани, дүниелік пайдасы бар ма, жоқ па?” деген сұраққа мән беруі тиіс. Қазіргі уақытта адамдардың көп уақыты өзіне еш пайда әкелмейтін істермен өтуде. Мәселен белгілі бір спортшының бір жылда қарсылас командасына неше доп салғаны, қай командаларға салғаны, ойын барысына бұл қаншалықты әсер еткені және оның күнделікті өмірде киген киімі кейбіреуді көбірек толғандырады. Олар ғаламтор беттерінде сол жайында ақпарат іздеп, біраз уақытын зая кетіреді. Сізге сол қажет пе? Егер сізге бұл мәліметтер шабыт беріп, сол секілді болуға ұмтылсаңыз, онда оның пайдасы бар. Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) мұбарак хадисінде: “Көркем мұсылманның белгісі – өзіне қатысы жоқ нәрсені тастауы”, – деді.

Уақыт – Алланың бізге берген ұлы нығметі. Алайда адам баласы бұл нығметтің қадірін толық түсініп, тиісінше қолдана алмайды. Пайғамбарымыздың (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: Абдулла ибн Аббас Пайғамбардың: “Адамдардың көбі қадіріне жете бермейтін екі нығмет бар, ол – денсаулық және бос уақыт”, – деп айтқанын алға тартады. Осы уақытта көп адамдар қателік жасап, сол берілген уақытты тиісінше пайдалана алмай, харам істерге жұмсап, орны толмас өкінішке душар болып жатады. Мұсылман үшін бос уақыт мүлдем болмауы тиіс. Тіпті адам тәндік, рухани істерден жалығып, үнсіз дем алып отырғанда да уақытын босқа кетірмей, жақсы ойлар ойлауы тиіс немесе алға қойған жоспарының шешімін жүйелеуі қажет. Қоғамдық көліктерде, кезекте, жол кептелісінде тұрғанда да ретін тауып, сол уақытты пайдаға асырған абзал.

Кей адамдар қолы босай қалса, алтын уақытын пайдасыз әңгімеге, құнсыз дүниелерге арнайды. Мәселен сағаттап телесериалдар көретіндер, телефон

арқылы ғаламтор беттерін шарлайтындар – осының айқын дәлелі. Біреулер түнгі клубтарды жағаласа, енді біреулер ащы-су ішу үшін серіктестер іздейді. Сол себепті иманы әлсіз, рухы төмен адамдар үшін бос уақыт – барлық жаманшылықтың бастауы.

Ерте ме, кеш пе, адам міндетті түрде өзіне есеп беруі тиіс. Жаңа жылға қадам басарда өзіңізге “Жылды қалай өткіздім? Алға қойған мақсаттарымның қаншасы орындалды? Тұлға ретінде өстім бе? Жаман әдеттерімнен арылдым ба?” деп сұрақ қойыңыз. Мұны Абай атамыз да айтып кеткен. Аптасына немесе айына өзінен-өзі есеп алғанда пенде қаншалықты дамығанын, қандай қателікке бой ұрғанын аңғара алады. Әркім “Өткен айда қанша бет кітап оқыдым? Шаңырағым неше мәрте қонақ шақырдым? Отбасымның қажеттілігіне қанша шығын кетті? Отбасыммен неше мәрте табиғат аясында серуендеуге шықтым?” дегеннен бастау керек.

Күнделікті өзіне есеп бере алған адам ғана бағыт-бағдарын дұрыстай алады. Әр күніне есеп беру жүріс-тұрысыңа жаңаша қарауға, тиісінше бағалауға жол ашады. Бұл – ілгерідегі салиқалылар мен тақуалардың салып кеткен сара жолы. Ибн Омар “Есепке түспей тұрып өздеріңе есеп беріңдер”, – дейді.

Адам алдына әрдайым жоғары мақсаттар қоя білуі тиіс. Солай істей білген адам уақытына да бекем болады. XIX ғасырда өмір сүрген америкалық философ Джон Дьюи: “Мақсатты тек азат, ерікті адам қоя біледі, құл мақсат қоя алмайды”, – деген екен. Демек ерікті тұлға мен еркі жоқ адамның айырмашылығы да олардың мақсаттарында жатыр. Сол себепті де құл өз әрекеттерінің мәнді болуына еш мүдделі емес, өз жұмысының нәтижесі де оны қызықтырмайды. Құлға ең бастысы – уақыт өтсе болғаны. Қазіргі кезде осындай құлдық сана-сезімнен арыла алмай жүргендер көп. Берілген уақытты пайдаға асыруға емес, керісінше жылдам өткізіп, сол уақытқа бөлінген напақасын алуға көбірек мүдделі.

Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде мұсылмандарды ең жоғары мақсаттарға ұмтылуға үндейді. Атақты хадис шәрифте: “Жәннатта жүз дәреже бар. Ол дәрежелердің бірі мен екіншісінің арасы жер мен көк арасының ұзақтығындай. Фирдаус жәннаты – олардың ең үстіңгі қабатында. Жәннаттың төрт өзені осы жерден шығады. Оның үстінде Аршы бар. Алладан жәннат сұрасаңдар, осы Фирдаусты сұраңдар”, – делінеді.

Әрбір мұсылман адам жәннатқа кіруді қалайды. Пайғамбарымыздың: “Жәннатты сұрасаңдар жәннаттың төрінен Фирдаусты сұраңдар” деуі мұсылман әрдайым өзінің алдына жоғары мақсаттарды қоя біледі дегені.

Әр адам дүниеге келгеннен кейін, ес білгеннен-ақ жан дүниесіндегі сырын, мұң-шерін тарқатып, қуанышы мен қайғысын бөлісетін дос іздейді. Досына қарап адамның өзін тануға болады. “Досы жақсының – өзі жақсы” демекші ислам діні де жақсылармен бірге болуға шақырады. Алла тағала Құранда: “Әй мүміндер! Алладан қорқыңдар және шыншылдармен бірге болыңдар”, – дейді. Бұл “Уа иман келтіргендер! Әрбір әрекеттеріңе, сөздеріңе абай болыңдар, сонымен қатар шыншылдармен, тура жолдағылармен бірге болыңдар. Адамдардың белгісі – діндерінде, ниеттерінде, сөздері мен амалдарында” дегенді білдіреді. Жаманмен жолдас болғандар жайында: “Қап, әттеген-ай! Пәленшені дос тұтпағанымда ғой. Ол маған жеткен

зікірден (Құраннан) мені алыстатты. Ал шайтан сөз жоқ адам баласын азғырушы”, – деп қатты өкінеді екен.

Адамның нәпсісі жалығуға бейім келеді. Күнделікті бір істің қайталана беруі адамның бетін қайтаруы мүмкін. Оның түрленуі адамға жаңа деммен іске кірісуіне жол ашады. Ислам дінінде Алланың разылығына апаратын амалдар сан-алуан. Оларды рухани амалдар деп тәндік амалдар деп екіге бөлуге болады. Рухани амалдарымыз – намаз оқу, садақа беру, ораза ұстау, Құран оқу, ілім іздену және тағы басқа амалдар. Бір сөзбен айтқанда, адамның рухын байытатын амалдар тізбегі. Сонымен қатар тәннің қалауын да беруіміз керек. Олар – отбасымен уақыт өткізу, спортпен шұғылданду, саяхаттау, сүйікті іспен айналысу (хобби), адал табыс табу. Бұл екеуіне де адам баласы мұқтаж. Кез келген рухани амалды түрлендіруге болады. Құран оқыған адам бірінші жолы тек Құранның өзін оқыса, келесіде мағыналарына, одан кейін түсу себептеріне, сүрелер атауларына, олардың аят санына және ретіне мән беріп, жеке-жеке зерттеуіне болады. Ал жалпы күнделікті ісінде өзінің рухани, тәндік қажеттіліктерін құстың екі қанатындай бірдей ұстаған абзал.

Мәселен күнделікті күйбең жұмыстан кейін отбасыңызбен серуендеп, жақын орналасқан мешітке кешкі намаздарға барсаңыз, тәніңіздің де, рухыңыздың да қажеттілігін бергеніңіз. Әр айдағы еңбекақыңыздан отбасыңызға қажетті бір затты алсаңыз, бұл сізді ынталандырады. Мұсылманның өмірі бір сарынды болмауы керек, әрдайым жаңа көкжиектерді таба білуі тиіс.

Күндер, апталар, айлар бірінің артынан бірі тізбектеліп өтіп жатыр. Жылдар сырғыған сайын өмірдегі “әттең-ай” деп өкінетін шақтарыңды қайта арқа айналдырып, өзгерте алмайтыңа көзің жетеді. Осы орайда атақты табиғин Хасан Басридың: “Әр өткен күн адам баласына “Ей адам баласы, мен жаңа күнмін, сенің амалдарыңа кәулік етудемін, егер өтіп кете барсам мен қайтып оралмаймын”, – деген сөзі бар. Енді бір сөзінде “Ей адам баласы, шынында сенің ғұмырың белгілі күндермен шектеулі, егер бір күнің өтсе бір бөлігіңді жоғалтқаның”, “Ей, адам баласы! Күндізін – сенің қонағың, онымен жақсы мәміледе бол, егер оны жақсы шығарып салсаң, ол саған мақтау айтып кете барады, егер күніңді пайдаға асырмасаң ол саған жамандық тілеп кетеді, түнің де дәл солай жасайды”, “Дүние үш күннен тұрады: Кеше болса ол өте шығып кете барды, ертеңгі күнің сен үшін беймәлім, сол себепті бүгін амал ет”, – деген. Атақты сахаба Ибн Масғұттың “Өкініштердің ішінде ең қатты өкініш мен үшін салихалы амалдар жасалмай, ажалға бір қадам жақындап батқан күнім”, – деген сөзін естен шығармаған дұрыс-ау! Уақыттың қадірін білу – ол ертеңгі күнге дайындық. Ертеңге дайындығы бар адамның ақыреттік дүниелік істері жүйелі болады. Адамдар әрдайым өзіне “Сен үшін маңызды амалдар қандай амалдар?”, “Өміріңдегі бос уақыттардың саңылауын толтыра алдың ба?”, “Әр жылдың соңында, айдың аяғында, күн батқанда өзіңе есеп бересің бе?”, “Уақытың пайдасыз өтсе өзіңе қандай шаралар қолданасың?”, “Өмірдегі армандарың орындалуға қандай қадамдар жасадың?”, “Жақсы жолдас сен үшін қандай адам болуы тиіс?”, “Жолдастарың уақыттарың рәсуә еткендерден бе, әлде ұқыпты қарағандардан ба?”, “Өмірің бір сарынды ма, әлде бір күнің екінші күнге ұқсамай ма?”, “Сенің ойыңша, уақыт алдындағы міндетің қандай?”, “Рухани және тәндік амалдарды қатар ұстай алдың ба?” – деген сұрақтарды қоя тіршілік етсе, өмір әлдеқайда өнімді болмақ.

Хамзат ӘДІЛБЕКОВ,
“Қызылжар” орталық мешітінің бас имамы.

ҰЛЫҚ АЙДЫҢ ШАРАПАТЫНАН ҚҰР ҚАЛМАЙЫҚ

Айлардың сұлтаны саналатын Рамазан – Алланың мейірімі төгіліп, жұмақтың есігі айқара ашылатын, сауаптар еселене жазылатын шарапаты мен шапағаты мол ай. Исламның бес парызының бірі болған оразаңыз осы айда орындалатыны да сондықтан. Бұл ай да өз мәресіне жетіп қалды. Тағы да бір түйін жасар болсақ, оразаңыз қабыл болсын дейміз!

– Ораза араб тілінде «саум» деп аталады. Ол қазақ тілінде «тиылу» деген мағынаны білдіреді. Шариғаттағы, ислам дініндегі ораза таң атқаннан, кеш батамға дейін ішу-жеу менен жаман әдеттерден және өсек-өтірік айту, ерсі әдеттерден отыз күн бойы алшақтауды көздейді.

Биыл ораза ағымдағы айдың жиырма үшінші жылдызына келді. 22-сі күні кешке барлық мешіттерде «Тарауық» намазы оқылып, ниет еттік. Ертеңгісін ауыз берік болды. Бұл ораза 29 күнге созылмақ. Ал 21-ші сәуір күні ораза айт намазы оқылады. – Жалпы ораза тұту үшін кез келген жан ең алдымен Алланың разылығын тілеуі қажет және бұйрығын орындап,

оған бойсуну керек. Ал көздегені азу немесе басқа да мақсат болса, онда ол адамның отыз күнгі сауабы көкке ұшады. Сол үшін тұзу ниетте, барлық талаптарына сай болып, орындалғаны абзал.

– Иә, қазір көбінде «Намаз оқымаған адамның оразасы қабыл болмайды» деген түсінік қалыптасқан. Бірақ олай жаңылмаған жөн. Себебі намаз бөлек құлшылық болса, ораза да дәл солай орны бөлек құлшылыққа жатады. Алланың алдында да жекелей құлшылықтарға сұраламыз. Сондықтан намаз оқуға мүмкіндігі жоқ не оқи алмайтын жандар болса, Рамазан айында ораза ұстай беруіне ешқандай шектеу жоқ. Ал сілекейді жұту жайына келер болсақ, әр кезде оны «түкіру» ислам әдебіне жатпайды. Сол үшін де оны жұту оразаны бұзбайды.

– Әрине, оразаны әркім әрқалай мақсатта ұстайды. Себебі бірі дос-жаранына еріп ұстанса, екіншісі отбасы, ет-жақындарына еріп ұстап, сол кісілермен мақсаттас болады. Бірақ жоғарыда тоқталғандай оны Алланың разылығы үшін ұстаған жөн. Оразаны әдейі ішіп-жеу мен отбасылы жандарға аузы берік кезінде жақындауы, ал

бойдақтардың зинаға баруы бұзады. Сондай-ақ адам бойына күш-қуат беретін дәрі-дәрмек, епелер де кедергі болады. Ал оразаны бұзбайтын амалдарға асты ұмытып ішіп қою, түтін, шаңды жұту мен қан алдыру сынды әрекеттер жатады.

– Кімде-кім ораза ұстауға белгілі бір себептермен мүмкіндігі болмаған жан жақсы да игі амалдар жасауға тырысқаны жөн. Имам Мұслим жеткізген риуаятта Алланың елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «Адам баласының әрбір іс амалы оннан жеті жүз есеге дейін көбейтіледі», яғни әрбір амалымызға осыншама нығметтер беріледі екен. Ізгі амалдың сауабының еселенуі оның орындаған уақытына байланысты. Мысалы, зулхиджа айының алғашқы он күндігінде және рамазан айында жасалған қайыры істердің мәртебесі биік. Бір хадисте «Қай садақа қайырлы?» – деп сұраған кісіге Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын): «Рамазан айында берілген садақа», – деп жауап берген. Олай болса ұлық айдың осындай шарапатынан құр қалмауымыз керек.

АЛАШТЫ АЗАПТАҒАН АБАҚТЫ

Қариялар коммунизмді аңсап, жер-көкке сыйғызбай мақтағанын талай көрдік. Бірақ бұл саяси ұстаным бізге жеке ойы бар, интеллект дәрежесіндегі адамдар үшін өмір сүретін орта еместей көрінеді. Неге десеңіз, Кеңестік үкімет ұлттарды біріктіру идеясын іске асыруға тырысқанын ойға алу керек. Сосын осы мақсатқа жетуде адамдарға түрлі тәсіл қолданғанын білгеніміз жөн.

Алла Тағала өзіндік ерекшелігімен жаратқан ұлттың қаймағын сылып тастап, жалған ұранға ермегендерді түрмеге тоғытқан, әрі-беріден кейін абақтыдан қорланған жансыз денесін ит-құсқа жем қылған идеологияны аңсаудың өзі қорқынышты. Адамзат құқығы алтыннан қымбат саналатын бүгінгі күннің өзінде Қытайдағы коммунизмнің сарқыншағы жағаны ұстатып отыр емес пе? Мұның да бейкүнә «түзету лагері» деген атауы бар. Қандастарымыз Қытайда қанша сорақылық көріп мұның жанында өткен ғасырдағы Ақмола мен Қарағандыдағы абақтыларда азап көргендердің соры бес елі екенін көбіміз біле бермейміз.

Қастандық құрылымы

Бүгінде кез-келген кеңестік түрме Батыста «гулаг» деп аталады. Іс жүзінде ГУЛАГ – лагерьлер мен ұстау орындарының бас дирекциясы 1930 жылы пайда болып, отыз жыл бойы қазақ даласын қанға бөктірген азаптау бірлестігі. Бұл 1960 жылы ғана жабылды. Оған дейін «мемлекет ішіндегі мемлекет» отыз мыңнан астам түрмеге төрелік етті. Тарихшылар мұның бәрі Иосиф Сталиннің есімімен тығыз байланысты екенін айтады. Өйткені оның тұсында миллиондаған тұтқын қала, канал мен фабрика құрылысына қатысқан. Тіпті алтын мен уран өндіретін Арктика шеңберінен тыс жерлерде және өмір сүруге қолайсыз Колымда аумақтарды игеретін жүйе құрылды.

ГУЛАГ мұражайының мәліметтері бойынша, осы жүйенің жауыздығын 20 миллион тұтқын көрген. Кем дегенде 1,7 миллион адам аштық, ауыр жұмыс, ауру немесе ату салдарынан жан тәсілім болған. Олардың арасында қылмыскерлер де, атышулы «саяси» мақалалармен қалған өмірін түрменің түбінде өткізген жазықсыз адамдар да болды.

Ал АЛЖИР лагерінің тарихы 1934 жылы 8-маусымда Отанға сатқындардың отбасы мүшелері туралы жарлық шыққаннан кейін басталды. Заң күшіне енгеннен кейін Сібірдің алыс аймақтарына осы санатқа жататын азаматтарды 5 жылға жер аудару түрінде жаза тағайындады. Олай болмаған жағдайда 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырып, түрлі шектеу қойылды.

1937 жылы 15 тамызда «сатқындардың» туыстарын ішкі халықтық комиссияның сотсыз, дәлелсіз жазалауға мүмкіндік беретін №00486 бұйрығы шықты да, соның негізінде желтоқсанда арнайы қоныс орнында №26 АЛЖИР ашылды. Жазық даладағы алғашқы азаптау орны ресми түрде «R-17 түзету-еңбек лагері» деп аталды.

1937 жылдан бастап Қазақстан аумағында ГУЛАГ құрылымының ең ірі лагерлері – АЛЖИР, Степлаг – №4 арнайы лагерь, Қазақстанның Қарағанды облысының Кеңгір ауылындағы саяси тұтқындарға арналған лагерь, Карлаг – Қарағанды мәжбүрлі еңбек лагері кезең-кезеңімен іске қосыла бастады. Аздаған уақыттың ішінде Қазақ жері тұтас үлкен түрмеге айналды. Репрессия жылдары бес миллионнан астам адам осындағы лагерьлерге ресми түрде жер аударылды. Лагерьлер мен ұстау орындарының бас дирекциясы ретінде аңызға айналған ГУЛАГ бір кездері Нұр-Сұлтан қаласының маңында болған. Қазір тарихи орын мұражай кешеніне айналған.

Ұлы дала жүрегіндегі жара

Қазақстанда посткеңестік елдерге тән «бодан мұражайы» жоқ. Бұған себеп – қазақтардың –орыстарды оккупант деп санамайтындығы. Кезінде Ұлы даланың көшпенді ата-бабалары кез келген елге үстемдігін жүргізгендіктен оккупацияда болу – ұят деген түсінік бар. Патша үкіметінің үстемдігі сол себепті мойындалмайды. Шын мәнінде сталинизмнен көп зардап шеккен Қазақстаннан өзге ел жоқ.

1932 жылғы сұмдық аштық қазақ ұлтын екі есе азайтты. Ал ГУЛАГ-тың 1930-50 жылдары Ұлы дала жүрегінде ұйымдастырған ең үлкен және қара түрмелері зиялы қауымының қаймағын құртты.

АЛЖИР Нұр-Сұлтаннан 40 шақырымдай жерде орналасқан. Карлаг үстемдік құрған кезде нысан «26-шы нүкте» деп аталып, 1976 жылы Малиновка деген жылы атқа ие болды. 2005 жылы Ақмол деп өзгертілді (Ақмола қаласы).

1937 жылдың үшінші шілдесінде НКВД-ның Батыс Сібір бойынша басқармасының бастығы Миронов пен Қазақстан Ішкі істер халық комиссары Залинге бір мезгілде шұғыл құпия тапсырма келеді. Онда күзеті күшейтіліп, қатаң тәртіптегі тікенек сыммен және биік дуалмен қоршалған концентрациялық лагерь ұйымдастыруға пәрмен берілген. Мұнда қанқұйлы қылмыскер немесе кәнігі ұры емес, нәзік жанды әйелдер – ана, қарындас, балалар қамалуға тиіс болды.

Қарағанды ГУЛАГ-ының құрамына енгізілген бұл тозақ мекемесінің атауы да құлаққа тосын естіледі – АЛЖИР. Бұл шифрограммаға ГУЛАГ бастығы Берман қол қойғанмен, оның әміршісі сол кезеңдегі НКВД бастығы Ежов болды. «АЛЖИР» (Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері) осы Қарлақтың дербес бөлімшесі еді. Ол 1938 жылы 6 қаңтарда Р-17 еңбекпен түзеу лагерінің орнына құрылды. Бұл кезең жаппай қуғын-сүргін науқанының әбден өршіген шағы болатын. КСРО Компартиясының XVI съезінде И. Сталин «Репрессия – шабуылдың қажетті элементі болып табылады» деп жариялаған соң жазықты-жазықсыз қамауға алу ерекше қарқынмен жүргізілді. Аз ғана уақытта Қарлағтағы отанын сатқандардың әйелдері 12 мыңнан асып түсті.

Әйелдерді ауруы да, екіқабаттығы да, сәбилі болуы да құтқара алмады. Тіпті «отанын сатқандар» делінген қара күйе жағылған адамдардың бұрынғы әйелдері де тұзаққа ілікті. Өкіметтің пайымдауынша, әйелдер күйеулерінің көзқарастарын қолдайды, сондықтан олар да – қауіпті адамдар.

Тұтқынға алу тұтқиылдан жүргізілді. Әйелдер керек-жарақтарын да алып үлгері алмай, туған-туыстарымен қоштасуға мүмкіндік берілмеді. Балаларына қарауға да мұршасы болмады.

1938 жылы лагерге бірінші рет бір жастан үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдер әкелінді. Мұнда елдің түкпір-түкпірінен: Мәскеу, Ленинград, Украина, Беларусь, Армения, Орта Азиядан келіп түсе бастады. Сөйтіп, барақтары лық толды, тұтқын әйелдерге орын жетпеді. Жаңадан келгендер жауын астында, аптап ыстықта, қақаған аязда өздеріне жертөле салып, сәкі орнатты.

Алғашқы лагерь қысы АЛЖИР-ліктердің айтуы бойынша -40 градус аязға жетті. Әрине, ең бастысы, барактарды аман сақтап қалу болатын. Қазақ даласындағы қаулаған қамыс олардың денелеріне жылу берді. Бау-бақша өсіріп, бес мың гектар жерге бидай екті. Әрқайсысы 250 сиырдан тұратын екі ферма салынды. Лагерь бас бақшасының көлемі 18 гектар болатын. Жеміс жидектен мол өнім алу үшін әйелдер арық қазып, суару жүйесін жасады.

1938–1939 жылдары бақша мен бидай алқабында жұмыс ойдағыдай жүріп жатты. Алайда әйелдер үшін еңбек жағдайы аса ауыр болатын. Әрбір саман кірпіштің салмағы 16 кг еді. Бүкіл жұмыс, оның ішінде үйдің қабырғасын қалау қолмен атқарылатын.

1939 жылдан бастап лагерьде фермалар ашылып, егін егу, мал шаруашылығы жүргізіле бастады. Көптеген әйел бүкіл Карлаг территориясындағы қаптап жатқан мал фермасында жұмыс істейтін. Олар Қарағанды, Ақмола мен Петропавл ет комбинаттарына қажетті мал өсіретін. Әр фермада тұтқын әйелге жүзден астам бұзау өсіру міндеттелетін.

Лагерьдегі еңбектің ауыр түрі – қамыс ору. Бұған дәлел Р.Голубеваның лагерьде жазған естеліктерінің бірі «Курт – драгоценный камень» өлеңінде мынадай жолдар келтіріледі: «АЛЖИР-дегі әйелдер тағдыры аса ауыр. Бүгін тағы да қамыс дайындау үшін көлге келдік. Денемізден сүйекке өткен ызғар жанымызды ауыртады. Қасымызда иттерімен күзетшілер жүр. Ешнәрсеге мұрша берер емес. Көлдің жақын бетінде Жалаңаш деп аталатын ауыл бар. Ол ауыл адамдары біз жайлы не айтады екен? Олар да бізді жау деп біле ме екен? Біздің тағдырымыздан бейхабар ғой. Бір кезде біздің жанымызға ауыл балалары келді. Қоршап тұрып, ауыр сөздер айтып, тас лақтыра бастады. Жанымыз күйзеліске түсті. Балаларды осылай тәрбиелеуге болады ма? Неге?» деген сұрақтар тамаққа кептеліп тұр. Күзетшілер қарқылдап күліп: «Көрдіндер ме, халық жауларының әйелдерін жоғарыдағылар ғана емес, балалар да жек көреді», – дегенде жүрегімізді тіліп



түскендей болды. Бір кезде қатты қимылдан құлап түстім. Тұмсығым жерге тиді, қарасам тас дегеніміз бүктелген мата екен. Одан сүт иісі аңқиды. Мен сонда ғана түсіндім. Ауыл тұрғындарының бізге берген асы екен. Қуанғанымыздан бәріміз асыл тастарды жинай бастадық. Кешке сол жиналған тасты жедік. Мен неміс қызы кешке жатарда ауыл тұрғындарына қатты разы болып, мұсылмандардың Алласына табындым. Өзіме емес, ауыл қарттарына денсаулық, әйелдер мен аналарға бақыт тіледім. Әсіресе балаларға, бақытсыз болмасын деп тіледім», – деген жолдары бар. Бүгінде басқа ұлттардың қазақ жұртына алғыс айтатын күні осыдан шықса керек.

Карлағтағы күрес

1931 жылы 17 қыркүйекте сол кездегі жалаң және шөлді қазақ даласында ГУЛАГ-тың ең ірі лагерлерінің бірі – Карлаг құрылды. 28 жыл ішінде лагерь жүз мыңдаған адамның жанын алды. Оның ішінде белгілі мәдениет қайраткерлері, –зиялы қауым өкілдері өлім құшты. Бірақ көбіне қарапайым шаруалар қойша қырылды. Негізі 1931 жылы қазақ даласында 17 мың гектар алқапты қамтитын «Гигант» совхозы ұйымдастырылды. Осы атаумен 1931-1959 жылдар аралығында 6 миллион саяси тұтқындардың, интернаттар мен әскерилердің өмірін өксікке айналдырған мекеме жұмыс істеді. Бұл қанды құбыжықтың аты – НКВД-ның Карлағы еді.

Қазақ, неміс, орыс, румын, венгр, поляк, беларус, еврей, шешен, ингуш, француз, грузин, итальяндық, қырғыз, украин, жапон, фин, литва, латыш, эстондарды кеңестің халықтық комиссиясы қолдан келгенше құртуға тырысты. Карлаг жүйесіне көптеген лагерь мен арнайы аймақ кірді. Оның ішінде ең ірілері – Спаслаг (әскери тұтқындар), Алжир (Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері) Степлаг (украин, балта, власовиттер).

Карлақтың әкімшілік орталығы Қарағанды қаласынан 50 шақырым қашықтықта орналасқан Долинка ауылы болды. Карлақтың жалпы көлемін Франция аумағымен салыстыруға болады. Тұтқындардың негізгі қызметі жол салу үшін тас шығару болды. Барлық жұмыс қолмен жасалды. Адамдар суықтан, аштықтан және физикалық қажудан қайтыс болды. Ең әлсіздерін күзетшілер өлтіре салды. Лагерьлерді құру кезінде НКВД-нің уәкілетті бөлімшелері бүкіл жергілікті халықты осы территориядан күштеп шығарды. Амалдары таусылған кезде қазақтардың малын тартып алды. Бұл олар үшін аштықпен пара-пар еді. Аурулардан қайтыс болғандардың есімін ешкім білмеді. Жеке істері өлгеннен кейін жойылған. Кеңес Одағының зиялы қауымы да Карлаг қапасын көрді. Олардың арасында биолог Чижевский, Лев Гумилев, әкесі Севастьян сияқты тұлғалар да болды.

Абақты адами жағдайға, денсаулыққа қарамады. Тіпті аяғы ауыр әйелдерге дейін адам төзгісіз азапты көрді. Талай шарана түрмені шаңырақ қылды. Соның бірі Зоя Слюдова балалық шағы туралы: Анам 1939 жылы 18 жасында Беларусьтан қуылды. Мен 1940 жылы туып, Долинқада өстім. Біздің мұғалімдер «Отанын сатқандардың әйелі» болды. 8 жасымда бізді Компанейский балалар үйіне ауыстырды. Тәрбиешілер біздің нанымызды тартып алатын. Біз қайтыс болған балаларды өзіміз жерледік. Балаларды ағаш бөшекелерге сала беретін. Бүгінде олардың есімін ешкім білмейді. Құлыптасы да жоқ. Бірақ бізді қинау, өлтіру шыбын өлтіргеннен ауыр емес тұғын. Өйткені біз «халық жауының» балалары едік, – дейді.

Дайындаған Ринат ӘБДІҚАЛЫҚ.

ОТАН ҚОРҒАУҒА БАУЛИМЫН

Еліміз шекарасы шегенделген қуатты мемлекетке айналса да, тұтастығы мен тыныштығын сақтау – ең басты міндетіміз. Халық батыры Бауыржан Момышұлының “Әскери қызмет дегеніміз – дені сау әрбір азаматтың асыл парызы, ардақты борышы, кімде-кім әскер қызметінен жалтарса, онда ол патриот емес”, – деген ұлағатты сөзі өскелең ұрпаққа елжанды, отаншыл болу міндетін жүктейді.



Өзім Әбу Досмұхамбетов атындағы облыстық дарынды балаларға мамандандырылған гимназия-интернатында алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы болып жұмыс істей жүріп, буыны қатпаған, оң-солын әлі айыра қоймаған оқушылардың бойына ерлік, елдік дәнін сіңіріп жүргенімді бақыт санаймын. Жоғары білімді маман атанған соң өзім оқыған білім ошағына жұмысқа орналастым. Содан бері арада 12 жыл уақыт зулап өте шығыпты. Қазіргі таңда жоғары педагогикалық санаттағы мұғаліммін. Педагогикалық оқытудың белсенді әдістерін қолданамын, оқу-әдістемелік семинарлардың жұмысына қатысамын. Облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларға зерттеу мақалалар жазу арқылы үн қосып отырамын. Мұның бәрі кәсіби жағымнан жетіліп, шыңдала түсуіме үлкен сеп. “Балаға алдымен тәрбие, сосын білім беру керек” деген мызғымас қағида – өмірлік ұстанымым. Әскери өмірдің әліппесін оқытып қана қою жеткіліксіз, оның патриоттық ерік-жігер беретін астары барын да ескерген жөн. Осы себепті бірінші кезекте елжандылыққа баулуға басымдық беремін. Өйткені отансүйгіштік отбасынан, қоршаған ортадан, табиғатқа, жалпы елге деген құрметтен бастау алады. Оның қоғам үшін мәні айрықша. Әрбір елдің болашағының жарқын болуын азаматтардың білімі мен отансүйгіштігі айқындайды. Өз елінің, ұлтының патриоты болған азамат қана елінің тағдырына жанашырлықпен қарап, адал қызмет ететін болады. Мұғалім өзінің кәсіби құзыреттілігін дәлелдеп, қоғам үшін пайдалы екенін сезінгісі келетіні – табиғи құбылыс. Республикалық “Үздік ұстаз-2021” байқауының жеңімпазы атануым бүгінге дейінгі педагогикалық қызметімнің бағасы сияқты. Кәсіби шеберлігімді анықтаудың теңдессіз алаңына айналып, үздіксіз еңбек нәтижесін берді. Әлбетте, белгілі дәрежеде жауапкершілік те жүктейді. Алда жаңа сынақтар күтіп тұр. Осындай жарқын оқиғалар менің жадыма өшпестей сақталады, өйткені өмірімнің көп бөлігін, күш-жігерімді педагогика саласына арнап келемін. “Ерім” дейтін ел болмаса, “елім” дейтін ер қайдан шықсын?”, – демекші, бүгінгі таңда кей жастардың әскерге баруға, Отан алдындағы қасиетті де қастерлі парызын өтеуге құлықсыздық танытуы патриоттық тәлім-тәрбиенің кемдігінен деп ойлаймын. Осындай келеңсіздіктер болмау үшін алғашқы әскери-технологиялық дайындық пәнінің сағатын көбейтіп, әсіресе ер балалардың қайсар болып өсуіне барынша басымдық берген жөн.

Дархан ҚОСПАНОВ,
Әбу Досмұхамбетов атындағы облыстық дарынды балаларға мамандандырылған гимназия-интернаты алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы.

«АҚ БИДАЙ - 2023» ОЙЫНДАРЫ



7-9 сәуір аралығында Тайынша ауданда «Ақ-бидай — 2023» жазғы спорттық мерекесі аясында баскетболдан ерлер арасында облыстық аймақтық жарыстар өтті. Жарысқа Тайынша, Есіл, Уәлиханов және F. Мүсірепов атындағы ауданның командалары қатысты.

Аймақтық жарыстардың қорытындысы бойынша тайыншалық құрама команда осы ойында жеңіске жетіп, жазда Аққайың ауданы Смирново ауылында өтетін «Ақ бидай - 2023» ойындарының финалына шықты. Құрама команданы финалға шығуымен құттықтаймыз!

ҰҚЫПТЫЛЫҚҚА БАУЛИТЫН ҰЛТТЫҚ ОЙЫН

Қазақ халқымен ежелден бірге жасап келе жатқан дәстүрлі ұлттық үрдісінің бірі – асық ойыны. Ең қызықты әрі кең тараған бұл бүгінгі таңда да өз мәнін жойған жоқ.

Баланы ептілікке, шапшаңдыққа, мергендікке, ұқыптылыққа және сергектікке үйрететін ойын адамның дүниетанымын кеңейтетін қасиетке де ие. Қазіргі балалар асықты мүлдем білмейді емес, ара-тұра болса да аталған ойынның көркін қыздырып жатқан жеткіншектерді кездестіреміз. Олардың көпшілігі оның тәртібін білгенімен пішіні, түріне қарай қалай аталатындығынан бейхабар болуы мүмкін. Осы ретте ежелден келе жатқан ұлттық ойынның ерекшеліктерін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

Алдымен асыққа анықтама бере кетсек, ол – төрт түлік мал мен жабайы аңдар тілерсегінде болатын, қызметі аса күрделі, буынға біткен шымыр сүйек. Қой, ешкі, сиыр, түйе асығы үлкен-кішілігіне қарамастан бір пішіндес, мүсіндес келеді. Ал жылқы асығы басқа пішінді болады. Асықпен «Ханталапай», «Үштабан», «Шеңбер» сияқты неше түрлі асық ойындары ойналады. Мұндайда асықтың сыртқы пішіндері үлкен рөл атқарады.

Алшы – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі. Тәйке (тауа) – асықтың иірілгенде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие. Бүге (бүк) – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық жатуы. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие. Шіге (шік) – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан қалуы. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие. Ал тұрық деген асықтың алшы не тәйке түсуі. Асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылуын омпы деп атайды. Сомпы – асық тұмсығының көкке қарап, тік шаншылып шоңқаюы. Табан – асықтың тәйке жағы. Оңқай – асықтың бүгесі алақанға қарап, тәйкесі оң қол бас бармағына басылуы. Оңқай асық малдың сол жақ аяғының тілерсегінде болады. Солақай – асықтың шігесі сыртқа қарап, алшысы оң қол бас бармағында ыңғайлы ұсталуы. Солақай асық малдың оң жақ аяғының тілерсегінде орналасады.

Асықтың ішіндегі төресі, ең ірісі – сақа. Ол шымыр әрі ыңғайлы келеді. Ойында сақа басты құрал болып саналады. Мұндай асықтар көбіне қошқар мен ісек қойдан алынады. Ойын үстінде ұпайға тігілетін, қарапайым асық – Кеней немесе кентай аталады. “Кішкентай” сөзі “кіші” және “кентай” сөздерінен шыққан. Қойлақ – қойдың асығы. Ең кәделі, бағалы асықтар. Құлжаның асығы да бағалыға жатады. Сиырдың асығы – Топай үлкен келеді. Оны көбіне даладағы аты ойынына қолданады. Қорғасын құйылған салмақты сақаны көрген боларсыз. Оны көктабан атаған. Ал піспеген жіліктен алынған асық – шикіл. Ол тез омырлығаш, сынғыш. Аты ойынына жарамай жататын кездері көп. Асық жатысына қарай да түрліше сипатталады. Пұш немесе жипық – тәйке не алшы немесе шігінен егелген асықтар. Асықтың тәйке



немесе алшы түскендегі қалпы тұрық деп аталады, яғни асықтың тұруы. Жатық – бүк немесе шік түсуі, яғни жатуы. Асық не тұрық емес, не жатық емес, қырындай жатса, қынжы делінеді. Асықтар бір-бірімен жанасып жатса немесе тұрса, бұл қимыл деген атауға ие. Асық ойнау үшін тегіс, тақыр жер таңдалып алынады. Асықтар тігілген орын сызық, шеңбер, сөре аталса, ойын барысында қолданылатын өлшемдер табан, адым делінеді. Егер ойыншылар бірінің сақасын атып тигізсе, оны «әлді» дейді. Демек келесі кезекке дейін ол ойынға қатыса алмайды. Қарсыласының сақасын атып «өлтіріп», оның асығын алуды құстыру деп атайды. Ойын кезінде қағу, қаржу, иіру, шерту, басу, тап басу әдістері қолданылады.

Балалардың қолынан асықтың қызылды, жасылды түрін де байқап жатамыз. Боялған асықтар әдемі әрі бірден көзге түседі. Жоғалса тауып алуға, тез тануға да ыңғайлы.

Асық туралы біраз ақпарат айтылды. Пайдасы да ұшан-теңіз. Ертеректе үлкендер балаларыма, немерелеріме деп асық жинап, оны арнайы дорбада сақтаған. Ал қазіргі кезде атадан әкеге, әкеден балаға мұра болып қалар асықтар азайып бара жатқан жоқ па? Сіз асық жинап жүрсіз бе?

Ұлболсын ТАЛАПБАЕВА, тілші.

БАС КИІМНІҢ КИЕСІ МЕН ИЕСІ

Байқасаңыз, бүгінде тақия кию сәнге айналды. Кейінгі кезде көшеден төбесіне тақия қондырған талайды көзім шалып жүр. Тіпті балабақшадан бастап, қазақтың той-томалағында тақия киген нәзік жандарды кезіктіресіз. Алайда көпшілік арасында трендке айналған тақия киюдің өзіндік тәртібі мен талғамы барын ұмытып кеткенге ұқсаймыз. Себебі, қазақта кез келген бас киімнің киесі мен иесі бар.

Көпшілікке кеңінен таныс тақия – барқыт, қамқа немесе оқалы паршадан жасалған жеңіл жазғы бас киім. Қыздар киген тақия – кестелеп, сырып тігілген дөңгелек, жеңіл бас киім. Үкілі тақия қазақ қыздарының ерекше ұнатып киетін бас киімі. Ол ұлттық өрнек мәнеріне тігілуіне қарай әр түрлі болған. Қыздардың тақиясы қызыл, күлгін, жасыл тағы басқа түстермен, шұға, барқыт, мәуіті сияқты маталармен тігіледі. Түрлі-түсті моншақ-маржан, алтын, күміс теңгелер және асыл тастармен безендіріледі. Үкінің үлпідек қауырсынын әсемдік үшін тақияның төбесіне қадайды.

Ежелгі уақытта олардың шетін құндыз, кәмшат, тиін терісімен жиектеп тігіп, күміс және алтын тоқыма баумен әшекейлеген. Күйеуге тиетін кезде дәстүр бойынша қызға сәукелені, басқа да киімдерін әкесінің үйінде ұзатылар сәтте жеңгелері арнайы келіп оң жақтағы үкілі тақиясының орнына кигізіп, енесінен байғазы алған. Жас келін түскен жерінде бір жылға дейін желек жамылып жүреді. Қазақта сонымен қатар «шарғы салу» деген салт бар. Ол бойынша ұзатылған қыз өзіне таяу сіңілісіне басына тартатын орамалын «кендігі кезек сенікі, бақытыңды тап» деген ниетпен тарту етеді.

Ал бүгінде ше біз қайтып жүрміз? Бұрындары тақияны сарықарын әйелдер емес, бүлдіршін қыздар мен тұрмысқа шықпаған бойжеткендер кигенін ұмытып кеттік. Әйел затының әр кезеңіне сай бас киімі болған. Қазақ бас киіміне қарап, қай тапқа, қай руға жататындығын және әйел затының тұрмысқа шықпаған қыз, келіншек екенін бірден таныған. Қазақ қызы 3-18 жас аралығында яғни, бойжеткенше үкілі тақия киген. Бес жасқа толғанда құлағын тесіп, сырға тағып, шашын өріп, шолпы таққан. Тақия қызыл, алқызыл, күлгін, жасыл түсті барқыт тәрізді матадан сырып тігілген. Құлпырған қыздың ажарын аша түсетін тақия асқан ұқыптылықпен, зерлі тігіспен, басқа да әртүрлі моншақтармен, күміс теңге, маржан тастармен әшекейленген. Үкілі тақия – қазақ қыздары ерекше ұнатып киетін бас киім болған.

Ал бойжеткен соң кәмшат бөрік киген. Бөрікті ерлер де киеді, бірақ, қыздар бөрікінің сырты мақпал, пүліш, барқыт сияқты қалыңдау, қымбат матамен тысталып тігіледі, жиегі бағалы аң және мал терілерімен көмкеріледі.

Қыз ұзатылғанда басына сәукеле кигізген. Ол ұзатылатын қыздың сұлулығы мен салтанатын, байлығы мен бағасын асыра түседі. Киелі бас киімдер қатарынан саналатын сәукеле – ертеден келе жатқан қалыңдықтың негізгі атрибуты саналды. Қазақы дәстүрдегі сәукеле кигізу де ерекше салт. Қалыңдыққа сәукеле кигізу рәсіміне барлық құда-құдағилар шақырылып, ақ бата айтылып, жөн-жоралғы жасалып, сәукеле кигізуші «ана» байғазы алған. Жалпы сәукеле ең қымбат бас киім саналған. Тастармен көмкерілген кейбір сәукеленің салмағы жеті келіге дейін тартқан, – дейді этнографтар.



Ал орамал тағу тұрмысқа шыққандықтың белгісі. Ертеректе салт бойынша, балалы болғаннан кейін әйелдер кимешек киген. Кимешек кию – ана болғанның белгісі. Кимешек баланы емізгенде айналаға өңірін ашып көрсетпей, төсті жауып тұрады. Ол кеуде, иық, жонды жауып тұратын, әйелдің бет-әлпеті анық көрініп тұратын киім. Жаулық. Оған қатысты арнайы заң жолы, салт бар. «Жеті жарғы» бойынша қыл мыстық, бұзақылық істе ол үшін кімге, кімнің құн төленетінінің орнына «сары жаулық» жүрген. Бұл жаулық құн төлеуге келіскендікті білдіреді. Күйеуі өлген әйел өзінің қаралы екендігін таныту үшін бір жыл бойы сары жаулықты тағып жүретін болған. Ақ түсті матадан немесе жібектен тігілген жаулықты егде әйелдер басына орап киеді. Жаулық әр руға байланысты әрқилы аталады. Шығыс Қазақстанда матаның көлеміне қарай оны шаршы атап, аналарды «ақ жаулықты аналар» деп ардақтайды. Күйеуі қайтыс болған әйелдер кимешегін күйеуінің жылдық асын бергенше теріс киіп, содан кейін оң киетін салт болыпты. Егер де мұндай әйелдер төсек жаңғыртатын болса, ол кісінің кимешегі қайтадан кестеленеді екен. Міне, әр бас киімнің өзіндік орны мен киетін адамы болады. Осыны естен шығармай, ескі салтты сақтап, естілікке бет бұрғанымыз жөн.

Бас киімге қатысты тыйымдар да бар екен: Бас киімді іліп қояды, кез-келген жерге тастай салмайды, астыға басып отырмайды. Олай жасаса, бастан бақ таяды. Ер адам әйелдің жаулығын басына салмайды. Олай жасаса, еркектіктен айырылады. Қыз бала басына ақ, қара орамал тартпауға тиісті. Ақ – жаулық, қара – қайғының белгісі. Жалаңбас отырып бала емізбейді, тамақ әзірлемейді. Бас киімнің төбесін басып кимейді, оны айырбастамайды, ешкімге сыйламайды, сатпайды. Тек сыйлыққа киілмеген, жаңа баскиім алып беруге болады.

Ұлболсын ЕРБОЛҚЫЗЫ, тілші.



*Ақпараттық хабарлама

АЛАЯҚТЫҚПЕН АЙНАЛЫСАТЫН САЙТТАР МЕН МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАЛАР

Ұлттық Банк алаяқтықпен айналысатын сайттардың көбейгенін ескертеді. Олар өзін жеке инвестиция тарту үшін Ұлттық Банк әзірлеген бағдарлама ретінде таныстырады. Ондай «бағдарламалардың» кейбірінде мобильдік қосымша да бар.

Анықталған ресурстарда «Мемлекеттің алтын-валюта қорынан» немесе «Қазақстанның ұлттық ресурстарынан» түсетін кірісті бағдарламаға қатысушылардың пайдасына белу туралы жалған ақпарат орналастырылған. Сондай-ақ, Ұлттық Банк басшылығының, оның ішінде бұрынғы басшылардың атынан шындыққа сәйкес келмейтін мәлімдемелер, қолданыста жоқ лицензиялардың нөмірлері, жалған құқық белгілейтін құжаттардың скан-көшірмелері де берілген.

Мұндай ресурстарда алаяқтық әрекеттердің белгісі анық білінеді, өйткені:

- Ұлттық Банк жеке тұлғалардың шоттарына қызмет көрсетпейді, ақшалай есеп айырысулар мен мәмілелер жасамайды;

- Ұлттық Банк «Мемлекеттік қорлардан» пайда табу үшін қандай да бір платформаларды әзірлеуге қатыспайды;

- Байланыс құралы туралы ақпарат, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында тіркелген құқық белгілейтін құжаттар немесе тиісті лицензиялар көрсетілмеген (бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының лицензиялары бар ұйымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми сайтында «Қаржы нарығы» бөлімінде жарияланған).

Түптеп келгенде мұндай фейк сайттардың мақсаты – кездейсоқ интернет-пайдаланушының жеке деректерін жинау және ақша ұрлау.

Ұлттық Банк мұндай жарнамаларды елемеге, керісінше, бұл контентті алаяқтық деп белгілеуге, ал жеке ақпараттың тарап кетуіне жол берілген жағдайда алаяқтық фактісі бойынша іс тексерілуі үшін тиісті өтінішпен құқық қорғау органдарына жүгінуге кеңес береді.

Толық ақпаратты келесі телефон арқылы алуға болады: +7 (7172) 77-52-05 e-mail: press@nationalbank.kz www.nationalbank.kz

2023 ЖЫЛЫ БЕРІЛЕТІН ЗЕЙНЕТАҚЫНЫҢ МӨЛШЕРІ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбек сіңірген демалысқа 2018 жылғы 1 қаңтардан кейін шыққан зейнеткерлерге БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер 5% ұлғайды.

Қордан берілетін төлемдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысымен бекітілген Әдістемеге (2021 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін өзгерістермен) (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес жүзеге асырылады. Осы Әдістемеге сай зейнетке шыққан азаматтарға берілетін төлемдер былай есептеледі: төлем ала бастайтын алғашқы жылы зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының 6,5% төлем мөлшерлемесіне көбейтіледі және 12-ге бөлінеді. Белгілі бір санаттағы алушылар, яғни мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеген, жинақтары жиынтығында кемінде алпыс ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған адамдар үшін Әдістемеді ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін арттыратын түзету коэффициенттері көзделген. Жоғарыда көрсетілген шарттардың екеуін де қанағаттандыратын тұлғалар үшін, осы екі жағдайдағы неғұрлым жоғары мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

Бұл ретте БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің кемінде 70% мөлшерінде жүзеге асырылады (2023 жылғы ең төменгі күнкөріс деңгейі – 40 567 теңге). Тиісінше, жыл басынан бері БЖЗҚ-дан берілетін ең төменгі төлем мөлшері 8,5% -ға ұлғайып, 28 396,9 теңге (70% * 40 567) болды. Келесі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері зейнетақы төлемдерін индексстеу мөлшерлемесі 5%-ға ұлғайып отырады. Егер өтініш берілген күнгі зейнетақы жинақтарының сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, бұл сома алушыға БЖЗҚ-дан бір рет, бірақ төленеді (2023 жылы біржылғы зейнетақы төлемінің мөлшері – 636 912 теңге = 12 * 53 076 теңге). БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін іске асырған тұлғаларға төлемдер зейнетақы төлемдері тағайындалған сәтте қолданыста болған Әдістеме бойынша есептеледі: жылдық зейнетақы төлемінің сомасы ең төменгі зейнетақының отыз еселенген ең жоғары мөлшері (2023 жылы – 1 592 280 теңге = 30 * 53 076 теңге) мен алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициентіне зейнетақы жинақтары сомасының көбейтіндісі ретінде есептелген шамалардан аспайды.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

БАЛАҒА АТ ҚОЮ – АТА-АНА ҮШІН ЖАУАПТЫ ІС

Бала дүниеге келгенде әр саналы отбасы оған жарасымды әрі әдемі есім беруге тырысады. Кейбірі заманына сай, ел арасында кең таралған, заманауи есімдерді қойып жатса, кейбірі ата-бабаларының, ұлы тұлғалардың есімін, кейбірі ежелгі есімдерді қояды.

Азан шақырып ат қою

Жаңа туған сәби болашақта сыйлы, құрметті, үлкен адам болсын деген үмітпен ата-анасы жасы үлкен, сыйлы адамға ат қоюға қолқа салады. Жастардың әке-шешесі, ата-әжесі тірі болған жағдайда сәбиге атты солар қояды. Үлкендердің айтқаны бұлжытпай орындалатындығын, міндетті түрде солар ұсынған ат қойылады. Кейде жастармен келісе отырып, бала есімін үлкен кісілер таңдайды. Балаға есім үш күн ішінде берілуі құпалады. Ауылдың беделді азаматы сәбиді қолына алып, азан шақырып, ағайын-туыспен бірге таңдалған есімді сәбидің құлағына қайталайды. Ежелде ақсүйек әулеттердің баласына есімді молда құран оқып, кітапқа қарап қойған екен. Сәбиге ат қойғанда айтылуы қиын, қатаң дыбысты, жақсы да жаман мағына беретін немесе айқайлап тұрған есімдерден аулақ болған жөн.

Нәрестеге қашан ат қою керек?

Құран Кәрімде Зәкәрия пайғамбардың (а.с.) Жақия атты үлмен туылмастан бұрын алдын-ала сүйіншіленгенін білеміз.

«Уа, Зәкәрия! Біз сені Жақия деген ұлмен қуантамыз! Біз бұрын оған ешкімді аттас қылмап едік!» (Мариям, 7).

Алланың елшісінің (с.а.с.) сүннеті бойынша ең дұрыс пікір бойынша нәрестенің аты туылған кезде қойылады. Оған Әнестен риуаят етілген Абдулла ибн Әбу Талханың хадисі дәлел. Ол хадисте Алланың елшісі (с.а.с.) Әбу Талханың баласы туылғанда оның атын Абдулла деп қойған.

Пайғамбардың (с.а.с.) сахабасы Әнес ибн Мәліктен жеткен риуаятта нәрестеге туылғаннан үш күн өткен соң ат қойылады. Ал, Сумраның риуаятында жетінші күні қойылады.

Сондай-ақ, Әбу Мусадан жеткен риуаятта да ол өзінің ұлы туылғанда оны Пайғамбарға (с.а.с.) апарды да, ол (с.а.с.) оның атын Ибраһим деп қойып, таңдайын құрмамен сүртеді.

Сахих кітаптарында Әбу Усәйд деген сахабаның ұлы туылып, оны Пайғамбарға (с.а.с.) апарғанда оның атын Мунзир деп қойған.

Мүслімнің Сахихындағы Әнестен жеткен хадисте Пайғамбар (с.а.с.): «Бүгін менің ұлым туылды. Мен оны атамның атымен Ибраһим деп атадым», – деген.

Нәрестеге ат қоюға кім лайық?

Балаға ат қоюға ең бірінші хұқылы оның ата-анасы. Егер олар ортақ бір шешімге келе алмаса, әкенің хұқығы үлкен. Егер қаласа әкесі сәбидің атын өзі қояды немесе жұбайына ұсынады. Қаласа екеуінің ортасында жеребе тастауына да болады.

Баланың атын қоюға оның әкесі лайық екендігіне осы дүниеде кез келген адамның атының әкесінің атымен (мысалы, Жүсіпұлы Асан деген сияқты) қосарланып айтылатыны дәлел болады. Алла Тағала былай дейді:

«Оларды (яғни, асыранды балаларды) әкелерінің аттарымен қосып атаңдар, Алланың алдындағы ең әділі сол» (Ахзаб, 5).

Мұндағы әмірдің мағынасы асыранды балаларға қатысты айтылғанмен, жалпы мағына балалардың аттарының әкелерінің атымен қосылып айтылу ең әділ айту екендігін білдіріп тұр.

Сондай-ақ, ақыретте де адамдар әкелерінің аттарымен шақырылады екен.

Әбу Дәрдадан жеткізілген хадисте Алланың елшісі (с.а.с.): «Сендер Қиямет күні өздеріңнің есімдеріңмен және әкелеріңнің есімдерімен шақырыласыңдар, сондықтан да есімдеріңді жақсартыңдар», – деген. (Әбу Дәуіт Сүнән кітабында риуаят еткен). Сондықтан да баланың атын таңдап қоюға ең бірінші оның әкесі лайықты.

Дей тұрғанмен әке-шешесі баланың атын қоюға басқаларға рұқсат бере алады. Мысалы, атасына, әжесіне деген сияқты. Әрдайым үлкендерді құрметтеп тұратын қазақы салт-дәстүр бойынша баланың атын көбіне ата-әжелер қойып жатады. Осы тұрғыдан алғанда бұл дұрыс. Сондай-ақ, баланың атын аса қадірлі, тақуа, ізгі жандарға, ғалымдарға да қойдыруға болады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) көптеген сахабаларының балаларының аттарын қойған. Бір кісіге: «Ұлыңның атын Абдуррахман деп қой», – деген.

Жағымды және жағымсыз есімдер

Әбу Уаһб әл-Жашмиден Алланың елшісі (с.а.с.): «Пайғамбарлардың есімдерін қойыңдар әрі есімдердің Аллаға ең сүйіктісі – Абдулла («Алланың құлы»), Абдуррахман («Рахманның құлы»), ең шынайысы – Харис («Диқан»), Һәммәм («Қайратты»), ең жағымсызы – Харб («Соғыс»), Мурра («Ащы, ауыр, қайғылы»), – деген.

Алланың елшісі (с.а.с.) көркем есімдерді жақсы көріп, жаман есімді ұнатпайтын. Жаман есімді кесірлік деп көретін. Тіпті, аты жаман қойылған жерлерге қонбайтын. Имам Мәлік ибн Әнестің әл-Муатта кітабында мынадай риуаят келтірілген.

Алланың елшісі (с.а.с.) бір түйені әкелдіріп сахабалардан: «Мынаны кім сауып береді?» – дейді. Сонда бір кісі орнынан тұрады. Алланың елшісі (с.а.с.): «Атың кім?» – деп сұрайды. Кісі: «Мурра («Ащы»)», – деп жауап береді. Алланың елшісі (с.а.с.): «Онда отыр», – дейді. Сосын тағы да: «Мынаны кім сауып береді?» – дейді. Бір кісі орнынан тұрады. Алланың елшісі (с.а.с.) одан да: «Атың кім?» – деп сұрайды. Кісі: «Харб («Соғыс»)», – деп жауап береді. Алланың елшісі (с.а.с.): «Онда отыр», – дейді. Сосын тағы да: «Мынаны кім сауып береді?» – дейді. Бір кісі орнынан тұрады. Алланың елшісі (с.а.с.) одан да: «Атың кім?» – деп сұрайды. Кісі: «Яғиш («Өмір сүреді»)», – деп жауап береді. Алланың елшісі (с.а.с.): «Сен сау», – деп бұйырады. (Әл-Муатта кітабынан).

Сағид ибн Мусәйиб әкесінен, әкесі атасынан мынадай риуаят жеткізген. «Мен (яғни, Сағидтың атасы) Пайғамбарға (с.а.с.) бардым. Ол (с.а.с.): «Атың кім?» – деп сұрады. Мен: «Хазн («Бұдыр»)», – дедім. Ол (с.а.с.): «Сен Сәһлсің («Жазық»)», – деді. Мен: «Әкемнің қойған атын өзгертпеймін», – дедім. Оның немересі Сағид ибн Мусәйиб: «Әлі күнге дейін бірдің әулеттен сол бұдырлық (яғни, қатқылдық) қалмай келеді», – деген. (Бұхари риуаяты). «Хазн» сөзі «бұдыр жер, қатқылдық», ал «Сәһл» «жазық жер, жұмсақтық» деген мағынаны білдіреді.

Яхия ибн Сағидтен жеткен риуаятта бірде Омар ибн Хаттаб (р.а.) бір кісіден: «Атың кім?» – деп сұрайды. Ол кісі: «Жамра («Шоқ»)», – деп жауап береді. «Кімнің ұлысың?» – деп сұрайды Омар. «Шинабтың («Отты жұлдыз») ұлымын», – дейді кісі. «Қай жерденсің?» – деп сұрайды Омар. «Әл-Харқаданмын («Күйгеннен»)», – дейді кісі. «Үйің қайда еді?» – деп сұрайды Омар. «Харрат ән-Нар («Оттың ыстығы») деген аймақта», – дейді кісі. «Оның қай тұсында еді?» – деп сұрайды Омар. «Зәту лаза («Жалынды») деген тұста», – дейді кісі. Сонда Омар: «Онда жанұяңа тез жет, олар өртеніп жатыр», – дейді. Барса, шындығында Омар айтқандай болған екен. (Имам Мәлік әл-Муатта кітабында риуаят еткен).

Сумра ибн Жундубтен жеткен риуаятта Алланың елшісі (с.а.с.): «Балаңды Ясар («Жеңіл»), Рабах («Ұтқыр»), Нажах («Сәтті»), Ахлах («Ең сәтті») деп қоймағын. Шынында сен шынымен солай бола ма екен дейсің, бірақ олай болмай шығады», – деген. (Мүслім Сахихте риуаят еткен).

Періштелердің аттарын қою. Мұсылман ғалымдарының пікірлерінше нәрестенің атын Жебірейіл, Әзірейіл, Микаил, Исрафил деп қою жағымсыз іс. Өйткені бұл есімдер періштелерге ғана тән.

Құран Кәрімдегі адамның атын білдірмейтін сүрелердің аттарын, аяттарды қою. Ғұламалардың пікірлерінше, нәрестенің атын Фатиха, Ясин, Таһа, Хамим деп қою лайықсыз. Өйткені Ясин, Таһа, Хамим деген сияқты ұғымын бір Алла Тағала ғана білетін сөздерді Пайғамбардың (с.а.с.) сипаты не есімі деуге ешқандай дәлел, негіз жоқ. Ал, Құран Кәрімдегі Жүніс, Жүсіп, Ибраһим, Лұқман сияқты сүрелердің аттары пайғамбарлардың есімдері, оларды қоюға болады.

Жағымсыз есім жайында хикая

Жағымсыз аттың кесірі туралы қазақта екі шешеннің сөз таластыруы туралы хикая бар. Ертеде Жапалақ деген сөзге жүйрік кісі Торайғыр деген шешеннің даңқын естіп, онымен сөз таластырмаққа еліне келеді. Жапалақтың атын бұрыннан білетін Торайғыр амандық-саулықтан соң қонағын бірден сүріндірмек болып: «Уа, сіздің атыңыз Жапалақ па?» – деп сұрайды. Жапалақ: «Иә, солай», – деп жауап береді. Сонда Торайғыр: «Олай болса, мына көлді бір айналып келші», – дейді. Жапалақ көлді атымен бір айналып келеді. Сосын Торайғырға: «Уа, сіздің атыңыз Торайғыр ма еді?» – дейді. Торайғыр: «Иә, солай», – деп жауап береді. Сонда Жапалақ шешен: «Олай болса, биыл біздің үйде бір байтал қысыр қалып тұр еді», – дейді. Сонда қарсыласының бұл қолқасына жауап қата алмай, сөзден тосылған Торайғыр шешен жеңілгенін мойындаған екен дейді.

Міне, осындай мысалдар, баяғы уақыттары халық арасында түрлі жағымсыз аттардың болғандығынан хабар береді. Мұндай есімдер туралы халқымыздың салт-дәстүрін зерттеген зерттеушілердің жазбаларында да бар. Ал жалпы ат қоюда діни-танымдық, тәрбиелік құндылықтарды басты назарда ұстамақ ләзім.

Ат таңдаудағы басты талаптар

1. Адамның аты оның ғұмыр бойы онымен бірге болады. Егер есімі нашар болса оған көптеген ыңғайсыздық тудырады. Ал, бұл өз кезегінде бланың бойында есімін қойған адамға деген жеккөрушілік сезімін тудырады.

2. Есімі таңдауда оны жан-жақты қарастырған жөн. Яғни, ол сөздің мағынасына, көркемдігіне, нәрестеге үйлесімділігіне, оның жас кезінде, есейгенде және ақырында қартайғанда жарасымды болуына аса назар аудару керек. Оның әкесінің немесе болашақтағы балаларының есімімен үйлесімділігіне көңіл бөлінуі тиіс. Сондай-ақ әдемі, ойнақы, ұйқасты болғанымен түк мән-мағынасы жоқ аттарды да қоймау керек.

3. Нәрестеге ат таңдау негізі әкенің хұқығына жатады. Өйткені оның есімі дүниеде де, ақыретте де нәрестенің есімімен қатар тұрады. Сондай-ақ, анасының көзқарасы ескерілуі тиіс.

Туылған нәрестенің есімі әрдайым әкесінің есімімен бірге айтылып-жазылады. Әкесі қайтыс болса да, нәрестенің анасымен ажырасып кетсе де, тіпті, сәбиді көрмесе де, көмек бермесе де бәрібір. Сондықтан да шариғат бойынша баланы шынайы әкесінен бөлек адамның есіміне аударуға, зинақорлық жағдайынан басқа кезде тыйым салынады. Зинақорлық жағдайының өзінде (Алла ондай азғындықтан сақтасын) бала тек анасының атына ғана жазылады. Ал, оның тууына себеп болған зинақордың атына ешқашан жазылмайды. Бәрін білуші бір Алла!

– Көп жағдайда ата-әже, ағаларының, туысқандарының есімдерін қайта жаңғырсын деген мақсатта қойып жатады. Оған шариғатта қарсылық жоқ. Дінімізде оған рұқсат. Кей адамдар қайтыс болған адамның есімін қоюға болмайды деп жатады. Бірақ оған көңіл аудармаған абзал. Сол адамның ғұмырының қысқа болуы немесе тағдырындағы қиыншылықтар балаға есіммен келеді деген жаман ойдан аулақ болу керек. Себебі әр адамның тағдыры әртүрлі. Сондықтан жақсы ниетте қойса болады.

«Есім тұлғаның қалыптасуына әсер ететін бірден-бір феномен. Балаға жақсы ат қою - оның тағдырына тікелей әсер етеді», - дейді филология ғылымдарының кандидаты, белгілі Абайтанушы Омар Жәлел мырза.

– Кезінде медицина дамымаған уақытта балалар шешек, оба ауруларынан ауырып қайтқанда жаман есімді көз тимесін деген ниетпен қоюға мәжбүр болды. Бірақ қазір заман өзгерді ондай есімдерді қоюдың қажеттілігі шамалы. Балаға есім беруде халықтың белгілі бір тұлғаға деген махаббаты көрінеді. Сол махаббаты есім арқылы баланың тәрбиесіне трансформацияланады. Адамның есімі секілді кез-келген Құдай жаратқан құбылыстың аты бар. Ағылшындар айтады: «Кемені қалай атасаң, солай жүзеді» деп, сол сияқты баланың тағдыры өз есімімен тығыз байланысты. Егер балаға мағынасы жақсы есім берілсе, болашақ өмірі де жарқын болатынына сенім мол. Қазақта «Атыңа заты сай екен» деген сөз бар. Яғни балаға жақсы ат қойсаңыз ол есімнің өзінің мәні тағдырына жарығын түсіріп тұрады.

Халқымыз ежелден баласының атын қандай да бір жақсы оқиғамен байланыстырып ырымдап қоюға бейім. Қазақ бұл әдетінен қазір де жаңылмаған. Өмірге келген сәбиге азақ шақырып ат қоюға халқымыз ерекше мән берген. Ал бүгінде ел естімеген ерекше есімдерді арқалап жүрген жандар жетерлік. Олардың көбісі атаулы оқиғалар орын алғанда дүниеге келген тұлғалар. Солардың бірі елордалық тұрғын Олимпиада Дүйсенбайқызы.

– Менің есімім - Олимпиада. 1980 жылы 8 тамызда дүниеге келгенмін. Дәл осы күні дүниежүзілік ірі спорттық Олимпиада ойындары аяқталған екен. Атымды әкем соның құрметіне қойған. Әкем өзі спорт жанкүйері. Спортқа жақын болғандықтан, қызының да спортта жүргенің қалаған. Спортпен кәсіби түрде айналыспасам да, үстел теннисі мен баскетбол ойнағанды жақсы көремін. Есімімді айтқанда көбісі таңғалып қайталап сұрап жатады, бірақ мен өз атымнан ешқашан да ұялған емеспін. Түйін. Бауыржан Момышұлы атамыз: «Адамға дүниеге келгенде берілетін есім оған өмір жолында бағыт сілтейтін жарық жұлдыз іспетті: өмір бойы жаныңда болатын алғашқы және қасиетті белгілердің бірі», деген екен. Демек, ата-ананың міндеті балаға жақсы есім беру. Жақсы есім баланың болмысына, тұлға болып қалыптасуына тікелей әсер етеді. Ендеше сіздің нәрестеңізге де көркем есім бұйырсын.

Мақаланы осы номерге дайындаған тілші:
Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Аудандық «AMANAT» партиясы филиалымен бірге Чкалов ауылдық округі Чкалов ауылы тұрғыны Римма Антоновна Шишкинаны 95- мерей тойымен құттықтадық. Римма Антоновна 1928 жылы 11 сәуірде Алтай жиегінде дүниеге келді. Тағдыры ұзақ және қызықты өмір сыйлады. Еңбек өмірін Қарағандының шахтасында қызмет бөлімінің инспекторы болып бастады. Содан кейін Көкшетау облысы Чкалов ауданы Қарағаш ауылына көшіп келді. Осы ауылда зейнетке шыққанға дейін бала бақшаның меңгерушісі болып қызмет атқарды. Римма Антоновна бүгінде жас өспірімдермен және жастармен өмір тәжірибесімен бөліседі.

Осы күні біз Шәріпова Рауза Қаріпполақызымен де кездестік. Ол кісі жақында 85 мерей жасқа толды. Рауза Қаріпполақызы еңбек өмірін балалар тәрбиесіне арнады. 1969 жылдан бастап зейнетке шыққан күніне дейін № 3 Чкалов ауылының бала бақшасының меңгерушісі болып жұмыс атқарды.

Донецк ауылдық округі Подольское ауылында осы көктем күндері Домбовский Филипп Иванович және Мария Ивановна 55-жыл бірге өмір сүрген той иелері. Домбовский жанұясы жас отбасылармен кездескен кездерде өздерінің «жанұя» ұзақ өмір сүру құпияларымен бөліседі.

Мерейтой иелеріне зор денсаулық, бақ-береке тілейік! Әр күндері қуанышқа толы болсын!

Аудандық ардагерлер кеңесі.

СУ ТАСҚЫНЫ ҚАУПІ КЕЗІНДЕ

- газ және электр қуаты көздерін сөндіріңіз, құнды заттарды қауіпсіз орынға көшіріңіз;
- электр энергиясының қосымша көздерін, алғашқы көмек көрсету құралдарын, су және азық-түлік қорын, радиоқабылдағыштарын, от жағу үшін спирттік плиталарды және дабыл беру үшін электршамдарын дайындап қойыңыз, автокөліктердің бактарын маймен толтырыңыз;
- егер уақытыңыз болса, үйіңізді (пәтеріңізді) қорғауға шаралар жасаңыз (есік-терезелерді мықтаңыз, жоғарғы қабаттарға, үйдің төбесіне, шатырларға үй заттарын, ауыл шаруашылығы құралдарын, жем-шөпті қауіпсіз орындарға көшіріңіз);
- электр құралдары мен желілерді, газды судан қорғауға шаралар қолданыңыз;
- көлікпен немесе жаяу болсын биік жерлерге орналасыңыз;
- басқару органдарының қауіпсіз жерге көшіру туралы хабарландыруы мен ескертулерін мұқият орындаңыз;
- көшіру туралы хабарды алысымен міндетті түрде көшіру-жиналу пунктінде барыңыз;
- пәтерден (үйден) шығар алдында өздеріңізбен бірге қажетті құжаттарды, құнды заттар мен ақшаларыңызды, бірінші кезекте қажет болатын заттарды және 2-3 тәулікке жететін азық-түлік пен суды алып шығыңыз;
- қауіпсіз аймақтарға жіберу үшін, осы аудандарда орналасқан көшіру-жиналу пункттеріне барыңыз;
- үйдегі малдарыңызға ен салып, көшіру-жиналу пункттеріне айдап келіп, жауапты адамдарға тапсырыңыз, малдар да қауіпсіз аймаққа көшіріледі;
- көшіру жиналу пункттерінің әкімшілігінің барлық нұсқауларын орындаңыз;

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

- төмен орналасқан жерден тез арада кету қажет, егер су басқан ауданнан шыға алмасаңыз, жоғарғы қабатқа, шатырдың үстіне, биік ағаштарға орналасыңыз;
- басқару органдарының тиісті нұсқаулары келгенге дейін қауіпсіз орындарыңызда қалыңыз;
- су ағынынан өз бетінше өтуге әрекет жасамаңыз. Су ағынының 15 см тереңдігі адамға қауіпті, ал 50 см тереңдігі әдетте көліктердің қозғалысын қиындатып, өте қауіпті болады;
- қолдағы бар құралдарды: пластикалық заттарды, резинадан жасалынған баллондарды, ағаштарды және т.б. пайдаланып, судан шығу амалын қарастырыңыз;
- көмек қажет болған жағдайда, үрейленбей, тыныштық сақтап, апат белгілерін беріңіз (жалаушалар, көліктің дыбыс белгілері, оқ атыңыз, от жағыңыз);
- суда қалып қойсаңыз, үстіңіздегі ауыр киім мен аяқ киімдерді шешіңіз. Су баспаған учаскелерге ағын судың бұрышына тұралап жүзу қажет, жүзу кезінде, су астындағы және судың бетіндегі қауіпті заттардан сақтаныңыз;
- зардап шеккен адамдарға шұғыл медициналық көмек қажетті кезінде, су мен азық-түліктің жоқтығы кезінде, жағдайдың қауіптілігі кезінде немесе құтқарушылардан көмек келетіндігі туралы күдіктенсеңіз, су басқан аумақтардан көшіру әрекеттерін жасау керек.

СУ ТАСҚЫНЫНАН KEЙІН

- су тасқыны дүние мүліктеріңізге үлкен шығын келтірсе, жергілікті атқарушы органдарынан көмек сұраңыз.

БАЙҚАУ. БАЙҚАУ. БАЙҚАУ.

ҚҰРМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР!

2023 жылдың 15 сәуір - 23 маусым аралығында «Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» республикалық конкурсы өткізеді. Конкурс екі кезеңнен тұрады: өңірлік және республикалық. Конкурсқа қатысуға кемінде үш жыл мінсіз мемлекеттік қызмет өтілі бар «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері жіберіледі. Конкурсқа қатысу үшін үміткерлерді мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары ұсынады. Қатысу үшін мемлекеттік органның ұсынымы, қатысушының қызметтік тізімі қажет.

Құжаттар ағымдағы жылда 30 сәуірге дейін қабылданады, өтінімдерді Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша Департаментінің электронды поштасына: opgs.sko@mail.ru жіберу қажет. Конкурсқа қатысу мәселесі бойынша Департаменттің мына телефонына хабарласа аласыздар: 8 (7152) 46-58-08.

Бұдан толығырақ ақпаратты Сіздер ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің сайтында мына сілтеме бойынша таныса аласыздар:

<https://www.instagram.com/p/Cquoyo8ruH5/?igshid=MDJmNzVkJMjY=>

УВАЖАЕМЫЕ ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СЛУЖАЩИЕ!

С 15 апреля по 23 июня т.г. Агентством РК по делам государственной службы проводится республиканский конкурс «Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі». Конкурс состоит из двух этапов: региональный и республиканский. К участию допускаются административные государственные служащие корпуса «Б», имеющие не менее трех лет стажа безупречной государственной службы. Выдвижение претендентов для участия в Конкурсе осуществляется должностными лицами госорганов. Для участия необходимо представление госоргана об участии в конкурсе, послужной список участника.

Прием документов осуществляется до 30 апреля текущего года заявки направлять на электронный адрес Департамента Агентства по делам государственной службы по СҚО: opgs.sko@mail.ru По вопросам участия в конкурсе обращаться по телефону Департамента: 8 (7152) 46-58-08.

С более подробной информацией Вы можете ознакомиться на сайте Агентства РК по делам государственной службы по ссылке:

<https://www.instagram.com/p/Cquoyo8ruH5/?igshid=MDJmNzVkJMjY=>

БАЛАЛАРҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Қаржымызды басқара білу өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Балаларымызға ақшаға деген дұрыс қатынасты неғұрлым ерте үйретсек, соғұрлым оларды бюджетін және шығындарын дұрыс өз бетінше жоспарлай білуге тезірек тәрбиелейміз.

№ 1 ереже. Үлгі болыңыз. Ағылшынның мақалы «Балаларды тәрбиелемеңіз – олар бәрібір сізге ұқсайтын болады. Өзіңізді тәрбиелеңіз» дейді. Мұнымен келіспеуге болмайды, себебі балалар көбіне ата-аналарының істегенін қайталайды. Сондықтан да басты кеңес – сіз қаржылық тұрғыдан сауатты болыңыз. Егер өзіңізде бюджетті жоспарлаудың қарапайым дағдылары болмаса, балаларыңыздың ұзақ мерзімді жоспарлаудың не екенін түсінуі қиындау болады. Егер отбасыңызда қаржы мәселесі реттелген б

№ 2 ереже. Ақша жайында ойын түрінде айтып беріңіз. Ойын – бұл уақыт өткізу әрі оқыту. Баланы ойын арқылы үйрету жеңіл әрі жылдам. Қарапайым ойындардан бастаңыз: Ақшаның түрі қандай? Балаңызға мынадай ойын ұсыныңыз: екеуіңіз қазына тауып алдыңыздар делік. Мұндағы ақшаның шынайы не жалған екенін қайдан білуге болады? Шынайы және «сувенир» ақшаны пайдалануға болады. Балаңызға купюралардың шынайылық белгілері, оларды ажырата білу, әріптерінің салынуы, сұтамғы белгілері және басқа да қорғаныш белгілері жайында айтып беріңіз. Ақша қайдан алынады? Ақшаның ағашта өспейтінін, «банкоматтан» алына қоймайтынын түсіндіріңіз. Мамандықтар жайында айтып беріңіз. Ақшаның «аспаннан түспейтінін» бала түсінуі қажет. Мамандық таңдау ойыны сияқты ойын ұйымдастыруға болады. Балалар мамандық таңдап, бір біріне көрсеткен қызметтер үшін ұсақ купюраларды не тиынды пайдаланып, ақысын төлейді. Ақшаға не сатып алуға болады? Қарапайымнан бастаңыз: азық-түлікті, ойыншықты және өмірімізге қажетті заттарды ақшаға сатып аламыз. Дүкен ойынын ойнаңыздар: түрлі тауардың (ойыншықтардың) бағасын жазып қойыңыздар. Біреуіңіз – сатушы, екіншісіз – сатып алушы болыңыздар. Бастысы – бала заттың оңайлықпен алына қоймайтынын, оның алдымен ақысын төлеу керек екенін түсінуі қажет.

№3 ереже. Балаңызды ақша жинап жүргені үшін көтермелеп қойыңыз. Бала таңдау жасай білуі қажет – қажет емес, нақ сол кезде қалаған нәрсесін алған дұрыс па не маңызды әрі бағалы зат алғаны дұрыс па? Мәселен, күнде кәмпит ала бермей, ақшасын жинап, айдың соңында жаңа ойыншық алу.

Балаңыздың армандап жүрген затын алуы үшін ақша жинауға үйретіңіз.

№4 ереже. Қалтапұл беріп тұрыңыз. Үйренудің ең жақсы тәсілі – тәжірибе. Қалтапұл – қаржылық сауаттылықты үйретудің үздік тәсілі. Мынадай ережелерді белгілеп алған маңызды: тек қана

айтылған соманы және белгілі кезеңде беру (аптаның кез келген күнін таңдайсыз). Ақшаны қалай жұмсауға болатынын міндетті түрде айтып беріңіз: оларды апта бойы жұмсау, ірі саудаға жинау, банкке салу және сол үшін пайыз алу. Ережені бұзуға болмайды. Егер бала барлық ақшасын бір күннің ішінде жұмсап қойса, ақшасыз отыра тұруға тура келеді. Бірақ берілген ереже баланың бастапқы қажеттіліктеріне қатысты емес (жол шығындары, мектептегі түскі ас).

№ 5 ереже. Балалардың өз бетімен сауда жасауына сеніңіз. Бала белгілі бір сома жинаған кезде, мысалы ойыншыққа делік, оған өз бетімен ойыншықты таңдап, оның ақысын төлеуге мүмкіндік беріңіз. Ол бұл сезімді есіне сақтап алады да, мақсатына өз бетімен қол жеткізгені үшін бойын мақтаныш кернейтін болады. Оларды саналы әрі ұқыпты болуға, бағаларды салыстырып, сапасына зақым келтірмейтіндей үнемдеуді үйретіңіз. Алдымен кез келген сауданы ата-ананың көзінше жасау қажет, содан кейін өз бетімен жасауға рұқсат беруге болады.

№ 6 ереже. Өз бюджетіңізді басқаруды үйретіңіз. Балаға сіз берген ақша немесе туыстары туған күніне сыйға берген ақша – толығымен өзінікі екенін түсіндіріп айтыңыз. Демек, кез келген шешім үшін бала өзі жауапты болады. Өзіңіздің мысалыңыз арқылы отбасылық бюджетті қалай жүргізетіңізді, еңбек ақысын қалай үлестіретіңізді айта аласыз. Қанша ақшаңыз міндетті төлемдерге кетеді, қаншасын еңбек демалысына сақтап қоясыз.

№ 7 ереже. Баланың қателесу құқығын сыйлаңыз. Балаңыздың заттарға, соның ішінде ақша мәселесіне келгенде көзқарасы сіздің көзқарасыңыздан ерекше болуы мүмкін. Оның пікірін сыйлаңыз. Оның жасаған әрекеттерін ешқашан сынамаңыз. Оған өз қателіктері арқылы үйренуге рұқсат беріңіз және қажет болған жағдайда ақыл айту арқылы көмектесіңіз. Мысалы, егер ол қандай да бір маңызды әрі ірі саудаға жинауға жоспарлаған ақшасын бір сәттік қалауына жұмсаған болса, оған ұрыспаңыз. Ол үшін енді ақша жинау мерзімі қаншалықты ұзарғанын бірге санаңыздар да, ақша табудың жаңа мүмкіндіктерін табуға көмектесіңіз.

№ 8 ереже. Қосымша табыс нұсқаларын ұсыныңыз. Жұмысты бірден белгілеп, соманы анықтаған дұрыс. Мысалы: міндетті түрде итпен серуендеп келу, үй жануарларын күту, бауырлары мен қарындастарына қарау, апасына бақшада көмектесу және көптеген басқа нәрселер. Ең маңыздысы, сіз «тарифтерді» көңіл-күйіңізге қарай ауыстырмауыңыз керек. Осы қарапайым, бірақ негізгі ережелерді сақтап, сіз баланың жастайынан ақшаға деген дұрыс қатынасын орнатасыз.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі Петропавл қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылып 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 119. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.